№02 (287).
23 қаңтар,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры, жазушы





Вице-президент, Конституциядағы өзгеріс, Парламент реформасы: ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА НЕ АЙТЫЛДЫ?

Сыр бойында өткен Ұлттық құрылтай елдің қоғамдық-саяси өміріндегі айтулы оқиға ретінде тарихта қалмақ. Себебі алқалы жиында қоғамдағы өзекті мәселелер мен мемлекеттік құрылымға қатысты маңызды шешімдерді естідік. Kazinform аналитикалық шолушысы Президенттің Парламентті реформалау туралы ұстанымын және Конституциядағы ықтимал өзгерістер қалай жүзеге асатынын сараптады.

БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ

Ұлттық құрылтайда айтылған ұсыныстардың ішінде қоғам назарын ерекше аудартқаны – бір палаталы Парламент құру бастамасы. Бұл кездейсоқ көтерілген мәселе емес, өткен жылы идеяны Президент Жолдауында ұсынып, қазан айында Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Содан бері заң шығарушы биліктің тиімділігін арттыруға қатысты пікірталас үзілмей келеді. Өйткені, қазір екі палаталы Парламенттік жүйе тұрақты жұмыс істегенімен, кей жағдайда заң қабылдау процесін созбалаңға салып, бюрократиялық кедергілер кездесіп отыр. Ал қоғам қажетті заңдық құжаттардың тез әрі сапалы қабылданғанын қалайды. Сондықтан алдағы жылдары Парламент қызметі түбегейлі қайта жасақталады және бұрынғыдай Мәжіліс пен Сенат болып бөлінбей, біртұтас құрылымға айналмақ. Ретімен тарқатайық.

Алдымен жаңа Парламентке «Құрылтай» деген атау беру ұсынылды. Президенттің сөзінше, бұл қадам Құрылтай атауын маңызды мемлекеттік институттың символына айналдыру үшін таңдалған.

Ең маңызды өзгеріс Парламенттің құрылымына қатысты болып отыр. Соның ішінде көп өзгеріс депутаттық корпустан байқалды. Мысалы, енді Парламенттегі депутат саны 145 болады, олар пропорционалды жүйе қағидатымен сайланбақ. Жаңа Парламентте Төрағаның үш орынбасары болуы мүмкін. Ал комитет саны 8-ден аспауы керек. Оған қоса Парламенттегі Президент квотасы және Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасы деген болмайды. Тек жастарға, әйелдер мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған квоталар сақталады.

– Ұсыныстардың төртінші бөлігі заң шығарушы органның жұмыс тәртібі мен рәсімдеріне қатысты болды. Жаңа Парламентте депутаттарды бес жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, соңында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сарапшылар бір палаталы жүйеге көшудің бірнеше ұтымды тұсын айтады. Біріншіден, кез келген шешім тез қабылданады. Екіншіден, бюрократиялық шығындар азаяды. Үшіншіден, Парламент жүйесі ашық әрі қарапайым болады деген сөз. Тіпті аталған реформа саяси мүдде қақтығысын азайтады деген де болжам бар.

ПАРТИЯЛАР ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ

Қазір әлемдегі 190-ға жуық елдің 107-сі бір палаталы парламентті мемлекеттер саналады. Қазақстан да осы қатарға қосылмақшы. Осы орайда Президент Ұлттық құрылтайда бірқатар сауалдың жауабын айтты: партиялардың Парламентке өту межесі қазіргі 5 пайыз күйінде қалады.

– Бұл ереже (бес пайыздық меже – ред.) кезінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бастамасымен қабылданған болатын. Бес жыл бұрын енгізілген осындай өзгерістер сайлау заңнамасын жақсартуға едәуір септігін тигізді. Межені төмендету арқылы Парламенттегі ірі саяси күштердің үстемдігін азайтып, партиялар арасындағы бәсекені күшейтуді мақсат тұтқан едік. Бүгінгі таңда осы норманың тиімділігіне көзіміз жетті. Ел тарихында алғаш рет Мәжіліске алты партияның өтуі – соның айқын дәлелі. Сондықтан мен бес пайыздық межені қалдырған жөн деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ТАРАТЫЛАДЫ

Мұндай ұсынысты Мемлекет басшысы айтты. Президенттің сөзінше, елде қоғамдық дамуға қатысты барлық мәселе бойынша жалпыхалықтық диалог өткізу үшін жаңа ауқымды платформа қажет. Ол Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы Ассамблеясының құзыретін қоса атқаруы ықтимал.

– Жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынамын. Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйек-ті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтас-тықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әзірге белгілісі, Қазақстанның Халық Кеңесі елдің ең жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болады. Кеңестің құрамына 126 адам кіреді деп ұсынылып отыр: оның 42-сі этномәдени бірлестіктерден, 42-сі ірі қоғамдық бірлестіктерден және 42-сі мәслихаттар мен аймақтық қоғамдық кеңестерден енбек.

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ ЛАУАЗЫМЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

Құрылтайда мемлекеттік қызметтегі жоғары лауазымдарға қатысты шешімдердің шет жағасын естідік. Мысалы, болашақта Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылады, оған қоса вице-президент деген лауазым пайда болмақ. Мемлекет басшысының айтуынша, осы конституциялық жаңашылдық Президент билігі институтының өзі әлсірейді дегенді білдірмейді. Керісінше, Президент лауазымы мемлекеттік жүйедегі басты лауазым болып қала береді.

- Қазақстанның Президенттік республика ретінде табысты дами беретініне сенімдімін. Өзінің тиімділігін көрсеткен осы саяси жүйеден бас тартуға болмайды. Халықаралық тәжірибе дәл осы таңдаудың дұрыс екенін айқын көрсетіп отыр. Мен ұсынған мемлекеттік билік реформалары, атап айтқанда бір палаталы Парламент – Құрылтайға көшу, Халық Кеңесін құру, Вице-президент лауазымын енгізу еліміздің дамуына зор серпін береді, оның әлеуетін арттыра түседі деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Вице-президентті Мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімін ала отырып тағайындайды. Оның құзырет аясын Президент өзі белгілейді. Сонымен Вице-президент Президенттің тапсырмасы бойынша:

Халықаралық форумдарда және шет мемлекеттер делегацияларымен өткізілетін келіссөздерде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

Парламентте Президенттің атынан өкілдік етеді;

Еліміздің және шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен қарым-қатынас орнатады;

Президенттің басқа да тапсырмаларын орындайды.

Мұндай ауыс-түйіс өзге маңызды мемлекеттік жүйелерде де жүзеге асатын болды. Жаңашылдықты Парламенттің қызметін қамтамасыз ететін аппараттық құрылым мен Президент Әкімшілігінен де көруіміз ғажап емес.

4-бетте »

ТАЗАЛЫҚ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Сәбит Қоңырбайұлы Оразбаев – Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Отан» орденінің иегері. Қазақ өнерінің көрнекті тұлғасы өмір өткелдерінен сүрінбей өтіп, тағдыр тарту өткен өмірлік арман-мақсаты актерлік шеберлігін шыңдай жетіп, бүгінде халықтың, мемлекеттің қадірлісі болып отыр. Сәбит Қоңырбайұлы бұл күнде мерейлі 90 жастың белесін бағындырған абыз ақсақал. Осыған орай жазушы Қали Сәрсенбайдың ағасы жайлы ертеректе жазған мақаласын қайта жариялап, ел есіне түсіруді жөн көріп отырмыз.



...Театрға бармаған күні қабағымыз ашылмайтын студент едік. Біздің оқулығымыз театр болды. Театрда туғандай, соның талбесігінде тербеліп өскендей едік. Басқасын қайдам, қазір қырыққа бет бұрған біздің буынның өзі сол кезді ет жүрегі елжіреп сағынады.

Дидро деген кісі халқым үшін философ болуды қаладым депті. Сол сияқты Сәбит Оразбаев та халқы үшін актер болуды қалаған, актер болып туған секілді. Ол әр өнердің басын бір шалмай, еш жасандылықсыз табиғи болмысымен, домбырашылығымен, әншілігімен, әңгімешілдігімен актерлік өнерді байытқан, үлкен айдынға алып шыққан, өмірлік мұратына айналдырған адам. Ол ең алдымен азамат болуға керек. Адал азаматтан ғана адал өнер туады. Өмірін толайым өнерге арнаған, рухани мұратқа адалдық танытып, 35 жылдан бері халқына рухани қызметші болудан артық бақыт жоқ деп білген. Содан да актерлікті ұлы өнер деңгейіне көтеріп келеді.

3-бетте »

ЕҰУ ЕРЛЕДІ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті көшбасшылар қатарында

Қазақстандық ЖОО-лардың білім беру бағдарламаларының «Атамекен» ҰКП рейтингі: ЕҰУ – көшбасшылар үштігінде «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2026 жылға арналған қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары рейтингі нәтижелері бойынша Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бакалавриат деңгейіндегі 42 білім беру бағдарламасы көшбасшылардың алғашқы үштігіне енді.



1-орынды 22 білім беру бағдарламасы иеленді: Көлікті тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және пайдалану; Информатика (білім беру); Аударма ісі; Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі; Дене шынықтыру және спорт; Геодезия және картография; Қолданбалы химия; Инженерлік жүйелер және желілер; Педагогика және психология; Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері; Физика (ғылым); Шетел тілі: екі шетел тілі; Өсімдіктер биотехнологиясы және микробиология; Физика пәні мұғалімдерін даярлау; Математика; Мемлекеттік және жергілікті басқару; Биология; Әлеуметтік жұмыс; Сәулеттік дизайн; География; Қазақ филологиясы; Көлік, көлік техникасы және технологиялары.

Соңғы 3 жыл қатарынан Информатика (білім беру), Аударма ісі, Дене шынықтыру және спорт, Қолданбалы химия, Инженерлік жүйелер және желілер, Сәулеттік дизайн білім беру бағдарламалары 1-орынды тұрақты түрде иеленіп келеді.

2-орынды 12 білім беру бағдарламасы иеленді: Графикалық дизайн; Қазақ тілі мен әдебиеті; Саясаттану; Техникалық физика; Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша); Қоғаммен байланыс; Жылу энергетикасы; Туризм; Автоматтандыру және басқару; Электр энергетикасы; Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау; Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар.

3-орынды 8 білім беру бағдарламасы иеленді: Орыс тілі мен әдебиеті; Халықаралық қатынастар; Тарих; Тұрғын және қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар архитектурасы; Халықаралық құқық; Экономика; Психология; Ақпараттық жүйелер.

Бірқатар бағдарламалар соңғы 3 жыл қатарынан 1-орынды сақтап келеді.

Бұл – сапалы білім, сұранысқа ие маман және бәсекеге қабілетті түлек даярлаудың айқын дәлелі.

ENU ұжымын үлкен жетістікпен құттықтаймыз!

ЕҰУ Баспасөз қызметі материалдары негізінде дайындалды

АУДИТ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚҰЛЫҒЫН ӘШКЕРЕ ЕТТІ

4-бетте »





ЖҮРЕГІНДЕ ІЗГІЛІК НҰРЫ ТҰНҒАН

ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым хақында лебізнама

8-бетте »

adilet-gazeti.kz

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАДА КӨШ БАСТАП ТҰР

Түркістан облысы еліміздегі агроөнеркәсіп саласында көш бастап тұрған өңір. Республика бойынша жалпы өндірілетін өнімнің 13 пайызы облысқа тиесілі. 2025 жылдың қорытындысымен 1 трлн. 226 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Сондай-ақ, облыс - экспортқа шығарылатын ірі қара мал етінің 80 пайызын, қой етінің 75 пайызын қамтып отыр. Бүгінде ет кластерін одан әрі дамыту бағытында құны 49 млрд. теңгені құрайтын 7 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар толық аяқталған соң қосымша 35 мың тонна ет өндіріліп, экспорт көлемі 2 есеге ұлғаймақ. Бұл жайында Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Әлібек Плалов брифингте мәлімдеді.



«2025 жылы ауыл шаруашылығы дақылдары 907 мың гектарға егіліп, өткен жылға қарағанда 34 мың гектарға артты. Ал, көкөніс және бақша алқаптары 117,5 мың гектарға егілді. Нәтижесінде 695 мың тонна дәнді дақыл, 54 мың тонна майлы дақыл, 1,5 млн тонна көкөніс пен картоп, 1,7 миллион тонна бақша өнімі, 5 миллион тонна мал азықтық дақыл және 428 мың тонна мақта жиналды. Сондай-ақ, облыстағы су үнемдеу технологияларын қолданатын алқап саны 59 мың гектарға артып, жалпы көлемі 114 мың гектарға жетті. Нәтижесінде ағын су 30-50 пайызға үнемделіп, өнділік 20-30 пайызға артты» - деді спикер.

Биыл өңірде мақта өнімін жинау бойынша соңғы 18 жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді. Орташа өнімділік гектарына 30 центнерді құрап, жалпы 428 мың тонна шитті мақта жиналған. Сонымен қатар, мақта өніміне экспорттық тәуелділікті жою, дайын өнім секторына кешенді өту бағытында өңірде мақта тоқыма кластерін құру жобасы басталды. Бұл бағытта құны 201 млрд. теңгені құрайтын 5 жоба іске асырылады. Нәтижесінде 7 мыңнан астам жұмыс орнын құру көзделіп отыр.

Сонымен қатар, Әлібек Әбдіхалықұлы өңірдегі жылыжайлар көлемінің артқанын да тілге тиек етті. Өткен жылы жалпы көлем 75 гектарға өсіп, 1 715 гектарды құраған. Бұл жұмыстар өңірдің аталған саладағы үлесін 76 пайызға жеткізіп отыр. Айта кетейік, 2025 жылы жылыжайлардан 150 мың тоннадан астам көкөніс өнімі, 550 тонна банан, 3,2 мың тонна лимон мен 13 мың тонна құлпынай өндірілген. Облыстың ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша да республикада көш бастап тұр. 2025 жылы салаға 246 млрд. теңге қаржы тартылған. Ал, «Ауыл аманаты» жобасы аясында 7,4 млрд. теңге бөлініп, 3,5 млрд. теңгеге 401 жоба қаржыландырылған.

НАННЫҢ БАҒАСЫН НЕГІЗСІЗ КӨТЕРУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Түркістан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік, оның ішінде нан бағасын тұрақтандыру жұмыстары жалғасуда. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру бойынша облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбектің төрағалығымен мәжіліс өтті. Жиынға жауапты сала басшылары, «Түркістан» ӘКК» АҚ өкілдері, нан және ұн өндіруші компания өкілдері қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары жауапты тұлғаларға берілген тапсырманы созбалаңға салуға жол жоқ екенін ескертіп, жеке кәсіпкерлерді бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

– Нан – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішінде үлесі жоғары, халықтың күнделікті рационында маңызды рөл атқаратын өнім. Сондықтан, оның бағасын негізсіз көтеруге жол берілмейді. Түркістан облысында нан және ұн өндіруші компаниялармен ашық диалог орнатуға дайынбыз. Біз әрқашан заң аясында мәселелерді шешуге атсалысып, осы бағытта өндіріс орындарына қолдау көрсетеміз. Сіздерді бірлесе жұмыс істеуге шақырамын, – деген Қанат Қайыпбек нан сапасына да ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті.

Жиын барысында нан бағасын тұрақтандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар, нан өндірушілерді арзандатылған ұнмен, сондай-ақ, нарықты арзандатылған нанмен қамтамасыз ету, жеңілдетілген қаржы алған нан өндірушілерімен міндеттемелердің орындалуы туралы баяндалды.

Тұрақтандыру қорында жергілікті Түркістан қаласынан ұн өндіруші комбинат «Insaf LTD» ЖШС-мен ұн жеткізу бойынша түзілген келісімшарт негізінде 1350 тонна ұн келісі 170 теңгеден сатып алынған. 1-сортты ұн тұрақтандыру қорының қоймасына тапсырысқа сәйкес жеткізіліп отырады. Бүгінгі таңда қоймада 35 тонна ұн бар. Келісімшартқа сәйкес ұнның қалған көлемі 1200 тоннаны құрайды. Ұн Тұрақтандыру қорының қоймасынан барлық әлеуметтік дүкендер мен супермаркеттерге таратылады. Дүкендерде ұн 190 теңгеден сатылады.

Қазіргі уақытта Тұрақтандыру қорында 7143 мың бөлке нан қоры бар. «Айналым схемасы» аясында Тұрақтандыру қорынан жергілікті 3 нан өндірушіге 0,01 пайызбен 500 млн теңге көлемінде несие берілді. Дүкендерге нанның бөлкесі 70 теңгеден таратылады. Атап айтқанда, әлеуметтік және коммерциялық дүкендерге «Insaf LTD» ЖШС күніне 5 871 дана бөлке, «Ғажайып П» ЖШС күніне 9 785 дана бөлке, «Halyq City» ЖК күніне 3 914 дана бөлкені әлеуметтік және коммерциялық дүкендерге жеткізіп отыр.

Бүгінгі таңда Түркістан қаласы аумағында «Түркістан» ӘКК» АҚ-на қарасты 30 әлеуметтік дүкенде, сондай-ақ ірі сауда үйлеріне және әлеуметтік бұрыштарда әлеуметтік нанның 1 данасы 70 теңгеден сатылуда. Сонымен қатар әр аптаның сейсенбі және сәрсенбі күндері «Қуаныш» базарындағы нан павильонында әлеуметтік нан 75 теңгеден ұсынылуда.

Нан өндірушілермен жан-жақты келіссөздер жүргізіліп, бағаны тұрақтандыру жөнінде меморандум жасалды. Бұл меморандум бойынша тараптар арасында нан бағасының тұрақты деңгейде сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ тұтынушылар үшін қолжетімді бағаны қамтамасыз ету үшін бірқатар шарттар мен міндеттемелер бекітілген.

Облыс әкімдігі тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп, азық-түлік бағасын тұрақтандыру шараларын одан әрі жетілдіру жұмыстарын, бағаны негізсіз өсіруге жол бермеу бағытында бақылауды күшейтеді. Бұл бағыттағы жұмыстар тікелей Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің бақылауында.

КІРІСТЕР МЕН ТҮСІМДЕР КӨЛЕМІ АРТТЫ

Түркістан облысында 2025 жылдың қорытындысымен өзіндік кірістердің жоспары 109%-ға немесе 25,6 млрд. теңгеге артығымен орындалды. Жоспар 275,2 млрд. теңге болса, нақты түсім 301 млрд. теңгені құрады. Оның ішінде салықтық түсімдер бойынша жоспар 107% немесе 16,8 млрд. теңгеге артық орындалып отыр. Жоспар 230,3 млрд. теңге болса, нақты түсім – 247,1 млрд. теңге.

Бюджеттің атқарылуы мен осы саладағы өзекті мәселелер мен жоспарлар Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен жиналыста талқыланды. Өңір басшысы облыстың негізгі бағыттары – инвестиция тарту, өндіріс орындарын ашу, жаңа жұмыс орындарын көбейту арқылы өзіндік кірісті арттыру екенін жеткізді.

– 2025 жыл қорытындысымен өзіндік кірістер мен салықтардың жоспары орындалғанымен, кейбір аудандар орындамай отыр. Корпоративтік табыс салығы түсімдері бойынша да мәселелер бар. Назарға алыңыздар. Бюджет кірістерінің әрбір көзін сапалы орындауды, бюджет қаражатын мерзімінде әрі сапалы игеруді тапсырамын. Өзіндік кіріс көздерін ұлғайту керек. Инвестиция тарту, өндіріс орындарын көбейту бағытындағы жұмысты ширата түскен жөн, – деді Нұралхан Көшеров.

Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Гүлфари Әжіметованың айтуынша, өзіндік кірістердің өсу қарқыны 119% немесе түсімдер 48 млрд. теңгеге артығымен қамтамасыз етілді (2024 жылы – 253,1 млрд. теңге, 2025 жылы – 301 млрд. теңге). Облыстық бюджеттің орындалуына келетін болсақ, жоспар 109% немесе 11,3 млрд. теңгеге артығымен орындалды. Жоспар 129,6 млрд. теңге деп бекітілсе, нақты түсім 140,8 млрд. теңгеге жетті. Облыстық бюджеттің түсімдері 24% немесе 27 млрд. теңгеге артып, 140,8 млрд. теңгеге жетіп отыр. 2025 жыл қорытындысымен 5 454 корпоративтік табыс салығының төлеушілері есебінен түсімдер 18 млрд. теңгеге артып, 47,5 млрд. теңгеге жеткен.

КӘСІПКЕРЛІК ДАМЫСА, САЛЫҚ ТҮСІМІ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан» газетіне берген сұхбатында мал шаруашылығын дамытудың стратегиялық маңызын атап өтіп, 2035 жылға қарай әлемде ет тұтыну көлемі 233 миллион тоннаға, ал ет импорты 27 миллион тоннаға дейін артатынын мәлімдеген болатын. Осы орайда Президент Қазақстанның, әсіресе Азия нарығына сапалы ет экспорттайтын ірі елге айналуына толық әлеуеті бар екенін атап өтті. Бұл міндет ауыл шаруашылығын сапалық тұрғыдан дамытуға бағытталған нақты жобалар арқылы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Аталған тапсырма аясында Келес ауданына қарасты Ақтөбе ауылдық округі аумағында 20 мың басқа арналған заманауи ірі мал бордақылау алаңын салу жоспарланып отыр. Жоба жеке инвестордың бастамасымен жүзеге аспақ. Кәсіпкер 20 гектар жерге 8 млрд. теңге инвестиция құйып, заманауи технологиялармен жабдықталған өндірістік кешен салуды көздейді. Жобада қоршаған ортаға зиян келтірмейтін, жағымсыз иіс пен қалдықтардың таралуын болдырмайтын экологиялық қауіпсіз шешімдер қарастырылған.

Жергілікті тұрғындардың алаңдаушылығы да назардан тыс қалған жоқ. Осыған байланысты Келес ауданының әкімі Жәнібек Ағыбаев жоспарланған нысан аумағында болып, ауыл тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесу барысында аудан басшысы жобаның әлеуметтік-экономикалық маңызын түсіндіріп, тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты әрі жан-жақты жауап берді.

Кездесу кезінде тұрғындар ауылішілік инфрақұрылымды жаңарту, мектеп пен мәдениет үйін салу жөнінде ұсыныстарын жеткізді. Бұл мәселеге қатысты аудан әкімі:

– Ауылда кәсіпкерлік дамыса, салық түсімі артады. Салық көлемінің өсуі – ауыл бюджетінің ұлғаюына тікелей әсер етеді. Соның нәтижесінде жол салынып, мектеп пен мәдениет нысандары бой көтереді. Сондықтан біз кәсіпкерлікті қолдауға мүдделіміз. Мұндай жобалар ауылдың дамуына нақты серпін береді, – деп атап өтті.

Сондай-ақ жайылымдық жерлер мәселесі де көтерілді. Аудан әкімі жайылымдық жерлер кәсіпкерге берілмейтінін, тек жобаның бастапқы кезеңінде 5 гектар жер уақытша пайдалануға ұсынылатынын түсіндірді. Сонымен қатар кәсіп бастауды көздеген жергілікті тұрғындарға мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілетіні айтылды.

Инвестор өз кезегінде бордақылау алаңының санитарлық-қорғау аймағы, экологиялық қауіпсіздігі, қалдықтарды өңдеу жүйесі және иіс шығармайтын заманауи технологиялардың қолданылуы жөнінде толық ақпарат берді. Жоба іске асқан жағдайда 200 адам тұрақты жұмыспен қамтылады деп жоспарлануда.

Жалпы, бұл инвестициялық жоба Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындауға, аудан экономикасын нығайтуға және ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды бастама болып табылады.

ӨҢІРДЕ МАЛ БАСЫН ТҮГЕНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен агроөнеркәсіп кешеніндегі (АӨК) өзекті мәселелерді зерделеу жұмыстарының қорытындысы бойынша мәжіліс өтті. Өңір басшысы зерделеу мен талдау әлі де түпкілікті оң нәтиже бермей отырғанын айтып, жауаптыларға жұмысты ширатуды тапсырды.

– Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқор базасына, статистикалық көрсеткіштерге және нақты мал бастарын салыстыру барысында кейбір аудан, қалаларда сәйкессіздіктер көп. Статистика мекемелеріне ұсынылатын ақпаратты қатаң бақылауға алыңыздар. Облыста мал басын бірдейлендіру жұмыстарының жаңа қадамдық іс-шара жоспарын бекітіп, сол жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізуді тапсырамын. Мал басы тіркелмеген жайылым жерлерді қайтару бағытындағы жұмыстарды облыс көлемінде жандандырып, орындалуы туралы ай сайын мәлімет беруеріңіз керек. 2024-2025 жылдары субсидия берілген шаруа қожалықтарына қолданыстағы заң аясында зерделеу жұмыстарын тездетіп жүргізіп, мәлімет ұсыныңыздар. Мемлекеттік қолдау мен субсидияны алып, жұмысын жүргізбей, салығын төлемей отырған шаруа қожалықтарына қатысты заң шеңберінде шара қабылдаған жөн, – деді Нұралхан Көшеров.

Жиында Облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ербұлан Жәнібеков 2024-2025 жылдары жүргізілген агроөнеркәсіп кешенін зерделеу жұмыстарының нәтижесін баяндады. Зерделеу төрт негізгі бағыт бойынша жүргізілді. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы жануарларының нақты санын сәйкестендіру, жайылым жердің мақсатына сай пайдаланылуын анықтау, субсидия алған шаруашылықтардың салық төлемдерін төлеу жағдайы және мемлекет тарапынан мал шаруашылығына берілген субсидияларды зерделеу қамтылды.

Биылғы 1 қаңтардағы статистикалық деректер мен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорын салыстыру нәтижесінде облыс бойынша бірқатар ауытқулар анықталды. Жалпы көрсеткіш бойынша мүйізді ірі қарада – 8%, ұсақ малда – 6%, жылқыда – 6% айырмашылық байқалса, түйе бойынша ауытқушылық тіркелмеген. Ал жекелеген аудан-қалаларда сәйкессіздіктер айтарлықтай жоғары екені анықталды.

Облыс бойынша құрылған жұмысшы топ 2 271 жер пайдаланушыға тиесілі 335,8 мың гектар жайылым жерде мал басының тіркелмегенін анықтады. Осыған байланысты аудан, қала әкімдіктерімен бірлесіп нақтылау жұмыстары жүргізіліп, 187,3 мың гектар жайылым жерді мемлекет меншігіне қайтару жоспары бекітілді және қайтару кестесі әзірленді.

Облыс әкімі тапсырмасына сәйкес, 2025 жылы аудан, қала әкімдіктері тарапынан жерді мақсатына сай пайдаланылуын зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 1 542 жер пайдаланушының 302,4 мың гектар жер учаскесін мақсатына сай пайдаланбағаны анықталып, тиісті хабарламалар жолданды.

2024-2025 жылдар аралығында облыс бойынша 293,3 мың гектар жайылым жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Оның ішінде 2024 жылы – 68,2 мың гектар, 2025 жылы – 225,1 мың гектар. Қайтарылған жайылымдардың елді мекендерге жақын орналасқан 161,9 мың гектарын қоғамдық жайылым ретінде ауылдық округ әкімдіктеріне бекіту жоспарлануда.

Субсидия мәселесіне де ерекше назар аударылды. 2024 жылы 10310 тұлға субсидия алып, оның ішінде 2476 тұлғаның салық төлемдерін төлемегені белгілі болды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 1870 тұлға 58,5 млн теңге салық төледі.

Өңірде мал басын түгендеу, дерекқор мен статистикалық есепті сәйкестендіру, тіркелмеген жайылым жерді мемлекет меншігіне қайтару, сондай-ақ субсидия мен салықтық түсімдерді жүйелі зерделеу жұмыстары жалғасады.

ӨҢІРДЕ ТОЛЫҚ ӨНДІРІСТІК ЦИКЛДЫ ҚАМТИТЫН ТАБЫСТЫ КООПЕРАТИВТЕР ҚАЛЫПТАСТЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес іске асырылып жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасы Түркістан облысында ауыл экономикасын дамытуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға және ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға үлес қосып келеді. 2023-2025 жылдары аталған жобаны іске асыру үшін республикалық бюджеттен жалпы 30,2 млрд. теңге бөлінді. Оның ішінде 2023 жылы 19,8 млрд. теңге, 2024 жылы 3 млрд. теңге толық игерілді. 2025 жылы 7,4 млрд. теңге бөлініп, бүгінгі таңда 3,5 млрд. теңгеге 401 жоба қаржыландырылды. Қаражат 3 транш бойынша бөлініп, қалған 3,9 млрд. теңге 2026 жылдың наурыз айының соңына дейін аудан әкімдіктерінің нақты ұсыныстары мен скрининг нәтижесіне сәйкес толық игеріледі.

Аталған жобаның іске асырылу барысы облыс әкімдігінде өткен мәжілісте арнайы талқыланды. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров жобаның орындауда нақты нәтиже мен сапаға мән беру керектігін айтып, жауаптыларға тиісті тапсырмалар берді.

– 2026 жылы «Ауыл аманаты» арқылы 15,3 млрд. теңге қаражат тарту жоспарлануда. Бұл жақсы көрсеткіш, дегенмен 1115 жаңа жоба бойынша 1400 ғана жұмыс орнын ашуды аз деп санаймын. Қаржыны алып, жоба бастаған кәсіпкерлер тұрақты жаңа жұмыс орындарын ашулары қажет. Осы бағытта жұмыстарды жандандырып, нәтижесін баяндауды тапсырамын. Биыл бөлінген қаржы бағытталатын ауылдық округтер мен кооперативтер тізімі мен жоспарын бекітуді шұғыл қолға алып, 1 наурызға дейін аяқтаңыздар. Жоба бойынша бөлінген қаржы уақтылы әрі сапалы игеріліп, халықтың жағдайын жақсартуға тікелей әсер етуі тиіс. Жауапты басқармалар, «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен аудан, қала әкімдіктері жұмысты ширатуы қажет, – деген Нұралхан Көшеров тиісті шараларды дұрыс атқармаған аудан, қала әкімдерінің есептерін тыңдады.

«Түркістан» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы Бекжан Бисенбаевтің айтуынша, 6 бағыт бойынша 3902 жобаға жалпы 26,3 млрд. теңге несие берілді. Нәтижесінде облыста шағын кәсіпкерлік 3902 бірлікке артты, 25 гектар аумақта 513 жылыжай кешені салынды, мал басы 74 109-ға көбейген. Сонымен бірге 39 қайта өңдеу кәсіпорны іске қосылып, 4 190 жаңа жұмыс орны ашылды. Жұмыс орындары көбеюіне байланысты атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 441 адамға қысқарды. Жобалар арқылы жыл сайын шамамен 30 млрд. теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндірілуде.

Бағдарлама аясында бүгінде 4,8 млрд. теңге қайтарылған, оның 4,6 млрд. теңгесі қайта айналымға жіберілді. Бұл қаражат есебінен 579 жаңа жоба қаржыландырылып, 600 жаңа жұмыс орны ашылды.

Жеке қосалқы шаруашылықтарды біріктіріп, кооперативтер құруға ерекше көңіл бөлінуде. Үш жыл ішінде 103 кооперативке 2,5 млрд. теңге несие берілді. Өңірде өнім өндіруден бастап оны өңдеу және нарыққа өткізуге дейінгі толық өндірістік циклды қамтитын табысты кооперативтер қалыптасты. Атап айтқанда, «Майтөбе сүт» кооперативі сүт жинау және қайта өңдеу желісін іске қосып, өнімдерін әлеуметтік мекемелерге жеткізуде. «Аят-Агро.Сом» кооперативі жеміс-көкөніс өңдеу цехын кеңейтіп, өнімдерін шетел нарығына экспорттауда. Ордабасы ауданының Шұбарсу ауылында 27 жылыжай іске қосылып, жылына 580 тонна өнім өндіруде.

Алдағы 2026-2028 жылдары «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 68,7 млрд. теңге тарту жоспарланып отыр. 2026 жылы республикалық бюджеттен 15,3 млрд. теңге қаражат тарту көзделуде. Бұл қаржы есебінен 1 115 жобаға қолдау көрсетіліп, 1 400 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Бет Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметінің материалдары бойынша дайындалды

ТАЗАЛЫҚ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

(Соңы. Басы 1-бетте).

Өнер аламан. Сол аламанда ол сезімі мен сеніміне, жігері мен қуатына, шабандоз шабытты қоныстас етіп, өз мінезі, өз қолтаңбасы қалыптасқан суреткер. Көрермен қауым Оразбаевты қай кезде де сол аламанның ортасынан оңай-ақ тауып алады, жазбай тани алады.

Алпысыншы-жетпісінші жылдар көрермендері Сәбиттердің өнерімен өскен. Сол көрермендердің бүгінгі ұрпағы театршыл болса, бұл сол буынның үлкен табысы. Жетпісінші жылдар – жұлдызды жылдар. Ол жылдарды – қазақ сахнасының айы оңынан туған, алдыңғы буын ағалардың озық үрдісін айбынды айдынға алып шыққан кіл бір жақсылар мен жайсаңдар тазалық пен тектілікті серік етіп, талмай өнер төккен алтын дәуірі деп жүр. Десе дегендей, сол ортада өзінің қоңыр әлемі бар жампоздың бірі – Сәбит Оразбаев екені қазір әмбеге аян.

...Театрға бармаған күні қабағымыз ашылмайтын студент болатынбыз. Біздің оқулығымыз театр болды. Театрда туғандай, соның талбесігінде тербеліп өскендей едік. Басқасын қайдам, қазір қырыққа бет түзеген біздің буынның өзі де сол кезді керемет сағынады. Сәбиттердің өнерін сағынады. Неге?

Сәбит Оразбаев суреткер. Актерлік өнердің өрісін сан алуан егіз стихиялармен байытқан адам. Актерлік кез келгеннің оң жамбасына келе беретін, анау айтқандай, оңай шағылатын жаңғақ, өнер емес екеніне мысал болған адам. Актерлік дарын қуатымен, жүрек жылуымен, ішкі сезім дүниесінің дидарымен қоса ашылатын, асқақтай түсетін жасампаз өнер екендігін көпшілікке терең ұқтырған талант, бұл. Егер халықтық импровизация тұрғысынан қарасақ, актерлік сан қырлы, бір бойына бірнеше қасиет жиған жиынтық өнер. Кешегі Қ.Қуанышбаевтың (бір өзі бір театр) көзін көрген, алдынан өткен, бойындағы барды сол саңлақтардың сапалы қасиеттерімен байытып, таудай таланттың алдында аласа болуға еш құқы жоқ екенін терең түсінген талант, бұл. Бұл буынның бақыты да сонда – Қалағанның, Серағаңның, Елағаңның, Аймановтың алдынан өткендігінде ғой. Текті тұлғалардан алған тағылым, рухани мұратқа адалдық – бұл буынның көкірегіне түйіп өскені де өнерге жетісе бермейтін осындай қасиетпен қаруланғанында ғой. Сәбең қашанда өз буынымен биік екендігін мақтан тұтудан жалықпайды. Себебі, сахнадағы серігің сергексіз, сезімсіз болса жүйріктің жығылғаны. Міне, осылайша өңкей қамшы салдырмас жүйріктер бірін-бірі байытты, биіктетті. Осыншама жүйріктердің ортасынан ойып орын алу да шын дарынның қолынан келетін шаруа.



Сәбит Оразбаевтың суреткерлік сипатын, күш-қуатын әрі қарай қалай өрнектеуге болар еді. Қара өлеңнің шебері, сөзі өткір, әкесі мен шешесінің іргелі қасиеттерін бойына қонсы қондырып, қазақтың қасиет қонған қара шалдарының болмысын жадына сіңіріп өскен суреткер Сәбит. Оның ойыны содан соң да табиғи, содан соң да сүйсіндіреді, сүйіндіреді. Сәбиттің буыны – бойында қазақы қасиеттер азаймай тұрған қариялардың кезінде өнер табалдырығын аттады.

Бәлкім, бар бақыты да, өнерінің елдік мінез бен болмысы биігінен өріліп, кең өріске шығуының да себебі сонда шығар. Оразбаев және оның кезеңінің көркем ойпаздары неге шетінен шабандоз, шетінен жүйрік? Өйткені, олар текті тұлғалардың өнерін көріп, нұрланды, сұлуланды, өзі де шабыс тілеп тұрған жас жүйріктер қанаттанды, рухтанды, ұлттың алтын діңгегі – ұлттық өнер қандай болуы керек дегенге толыққанды жауап алып, одан әрі бір-біріне ұқсамай, сол соны соқпаққа әркім өз шабысымен шаң қосты. Өнердегі технократтық таптаурын үрдісті бұлардың табиғи болмысы ысырып, театрды тектіліктің отауы деп түсінді.

С.Оразбаев психологиялық образдарды ашуға аса шебер. «Анттағы» – Әбілқайыр, «Көктөбедегі кездесудегі» – Исабек, тағы басқалар соның дәлелі. Ол үлкен пландағы суреткер. Оған дәлел, басқасын айтпағанда, Сүйеу қарт. Осынау қазақы қасиеттен жаралған қаршығадай қартты бейнелеу үшін де кесек мінез, ұлттық мінез керек. Сүйеу қарт қазақылықтың рәмізіндей, даналықтың көзіндей, тал бойынан ұлттық мінез иісі аңқыған бейне. Оразбаев сол образға енді де, санаңнан ешқашанда сырып тастамайтын бейне жасады. Жасап қана қоймады, әркімнің жадында Сүйеу қарт қалды. Ұлттың мәрт мінезін сағынғанда жұртшылық театрға, Сүйеу қартқа асығатын. Қазақтың шалдарының қоңыр мінезінде де үлкен мағына, тәрбие көзі жататындығын ашты актер. Бұл образ Ә.Сығаев айтқандай, өнердегі шын мәніндегі көркемдік құбылыс еді. Сүйеу қарт 50 жылда бір туатын, ұлттың асыл қасиеттерін бойына жиған портрет еді. Өзі сахнаға үш-ақ рет шығады. «Осы рөлді әу баста Елағаң ойнауы керек еді. Ол кісі науқастанып қалды да, маған тапсырылды. Содан үлкен ойға түстім. Ауылдың шалдарын көз алдыма келтіремін. Көк базарға барып насыбайшы шалдарға қараймын. Жалпы Сүйеу – алмас секілді қыры көп рөл ғой. Оның сөзі қысқа болғанмен де, сол сөзде үлкен әрекет бар еді», – дейді Сәбең сол күндерді еске алып.

С. Оразбаев осы образды 38 жасында бейнеледі. Жігіттіктің ауылынан әлі де ұзай қоймаған ол осы бейнені өте нанымды шығарды. Оны осы рөл көп есейтті. Шын түйсінгенге – өмірде де, өнерде де күрес көп. Осы күрестердің бәрін көркемдік үстінде ашып, жұртшылықтың жадында қалу деген болады. Ал, актер Оразбаев сол күресті дарынының қос қанатындай жүректің нұрымен, сезімнің күшімен ашады. Ол бар болмысымен ақтарылып, образға енеді. Көрерменге толайым беріледі. Барым да, жаным да сенікі дейді. Сол әсерден айыға алмай өмірін өткізе береді. Сахнаға жәй келіп, тұла бойы ештеңені сезбей түрегеп тұрып, тақпақ айтып кетпейді. Жүректерді жұлқып, сезімдерді селдетіп кетеді. Ол үнсіз тұрып-ақ көп нәрсені ұғындырып кетеді. Өйткені, шын актердің жүрек тілі, ішкі сезім тілі, сол ішкі дүниенің бәрінің айнасы көз, көңіл керемет болмай табысқа жете алмайды. Ол образға оранған сәт әркімнің есінде осылай қалады. Сәбиттің басын бұлғақтатып, қолын ербеңдетуіне дейін өзің өзгеден өзгешелеп, ерекшелеп тұрады.

Мұндай шағын толғаныста оның актерлік әлемін ашу қиын. Ол бір өзі бір ғылыми конференциялардың арқауына айналатын актер.

Жылау мен күлу, күлу мен жылау. С.Оразбаев осы бір егіз стихиямен тыныстайды. Осы стихиямен-ақ көрермендердің күрескерлік рухын оятып кетеді. Ол бүгінге дейін осы үрдісті жалғастырып келеді. Жалпы Оразбаевтың актер-тұлға ретіндегі шағын толғанысқа енген бір сәті осы.

Шын жүйрік шапқан сайын түлейді. Өзге қырынан ашыла береді. Актер соңғы жылдары шоқтығы биік, ел есінде қалатын бірнеше образдар сомдады. А. Сүлейменовтің «Төрт тақта – жайнамазындағы» Шал, Дулат Исабековтің «Ескі үйдегі екі кездесуіндегі» – Айторы, Б. Мұқаидың «Өмір заясындағы» – Ес қария рөлдерімен өзін де, өзгені де өсірді. Осы образдардың қайсыбірі болмасын бүгінгі жүдеу театр тірлігіне жаңаша леп қосты, тыныс әкелді. Сәбит «Төрт тақта – жайнамаздағы» Шал бейнесін драматург пен режиссердің де бақыты. Бүгіндегі өнердің азапты күйін, ауыр халін бастан кеше жүріп өзін өнердің тағдырынан еш бөліп қарай алмайтын Сәбит – Абайдың жастық шағына арналған көркем фильмде Қодардың бейнесін сомдап бітті.

Сәбит Оразбаев Төлеген ақын айтпақшы, әркімге де «қыз күнін сағындыртатын, жанам деген жүрекке от беретін» актер. Ең бастысы, оны көрермен көз алдына келтіре алады. Ал, мемлекеттік сыйлыққа көз алдына келтіре алмайтындар ұсынылса – бақытсыздық сонда ғой. Ол туралы қалам тербеуге бел бусаңыз өмірдегі, өнердегі бір таза ұғымдар тіл ұшына оралып отырады, көңіліңнен кетпей қояды. Қазіргідей бойымыздан қазақы қасиеттер қашып бара жатқанда сол қасиеттерді сағындыратын суреткерлердің барының өзі де бір бақыт қой. Сәбит талантының тұғырын биіктетіп бара жатқан да сол тазалық, таза өнер төгу. Актер талантының іргетасын берік ұстап тұрғанда осы саф алтындай қасиеті. Мәселе – мінезде. Мінезсіз өнер тумайды. Ендеше, Қазақстан Республикасының халық әртісі Сәбит Оразбаев мінезге де аса бай. Қазақ көркем ойында Сәбеңдер көп емес. Олардың осал болуға құқы жоқ. Мұндай жүйріктің бәйгесін шаппай алатынына сенесің.

Қали СӘРСЕНБАЙ,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, журналист

Қалдырмай ескерусіз
бір ісін де,
Талантты бағалаңдар
тірісінде!
Кейде біз ондайлардың
жасы түгіл,
Келеміз қадірлемей ірісін де!

Не керек майдасың ба,
ірісің бе?
Жақсының зая қылмай
бір ісін де,
Өлгенін, жерленгенін
күтіп жүрмей,
Талантты қастерлейік
тірісінде! -

деген қазақтың ұлы ақыны Қадір Мырза Әлінің осы өлеңі бүгінде өсиеттей болып көрінеді білгендерге, түсініп, түйсінгендерге. Ардақты, асыл ағамыз Сәбиттің қазақ өнеріне сіңірген ерен еңбегін қастерлеп, мемлекетіміздің ең жоғары атағымен марапаттап жатсақ, ел мерейі өсіп, ұлттың рухы шаттанар еді.

Вице-президент, Конституциядағы өзгеріс, Парламент реформасы:

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА НЕ АЙТЫЛДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте).

КОНСТИТУЦИЯ ҚАЙТА ЖАЗЫЛА МА?

Құрылтайда Ата заңды күзептүзеу туралы да айтылды. Әсіресе мазмұндық сипаты мен ондаған бап қайта жазылмақ. Президент әдепкіде Ата заңның 40-қа жуық бабын өзгерту жоспарланғанымен, кейін өзге де баптарға түзету енгізу қажеті белгілі болғанын жасырмады. Егер халық референдум нәтижесінде Ата Заңды өзгертуге келіссе, Конституция отыз жылдан астам уақыт бұрын бекітілген үлгіден мүлде басқаша болады деген сөз.

Бастыларын айтайық. Алдымен Президентті сайлауға қатысты тұс маңызды. Қазіргі Ата заңға сәйкес Президент өз міндетін атқара алмайтындай оқыс жағдай туындаса, оның өкілеттігі Сенат төрағасына беріледі. Сенат төрағасының мемлекетті басқаруға мүмкіндігі болмаса, Президент өкілеттігі белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лауазым иелеріне өтеді. Осы тәртіппен биліктің берілуі шегеленген. Бұл ретте, мәселенің бәрі «қалған мерзімге» деген сөзге келіп тіреледі, яғни «қалған мерзім» 6 айға да, 6 жылға да созылуы мүмкін. Қасым-Жомарт Тоқаев осы қағиданы өзгертуге ниетті.



– Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгіленуі қажет. Бұл қадам халықаралық озық тәжірибеге сай келеді. Еліміздің кез келген басшысы билікке сайлау арқылы, яғни заңды түрде келуі керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұстаным. Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өзгермейтін қағида болуға тиіс, – деді Президент.

2022 жылы Конституциядағы 33 бапқа түзету енгені белгілі. Сол кезде суперпрезиденттік модельден ықпалды парламенттік республикаға бет бұрдық. Өлім жазасы біржола жойылды, Конституциялық сот қайта құрылды, президенттің туыстарына лауазымды қызмет атқаруға тыйым салынды.

Ендігі түзетулер де саяси жүйені одан әрі жетілдіре түсетіні күмәнсіз. Бастысы, Президент Конституция мәтініндегі терминологиялық, стильдік кемшіліктерді түзетуге мән берді. Көбі сүйсінген идеяның бірі – «Ата заңның преамбуласын ұлттық құндылықтарымызды айшықтап, қанша заман өтсе де, өзекті болып қала беретіндей етіп қайта жазуымыз керек» деген ой.

Ата заңның өткенмен байланысы ғана емес, болашақпен үндесуі де назарға алынады. Президент Конституцияда цифрландыру үдерісінің институционалдық-құқықтық негізі қалыптасуы керек деп кесіп айтты.

– Конституциямыз заман талабына сай болуы керек. XXI ғасырда цифрландыру үдерісі өте жылдам жүріп жатыр, тұрақты және аса қарқынды сипатқа ие болды. Жоғары технология адамның күнделікті өміріне, құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсерін тигізе бастады. Болашақта бұл үрдіс үздіксіз жалғаса беретіні анық. Сондықтан еліміздегі цифрландыру үдерісінің институционалдық-құқықтық негізі Ата заңда міндетті түрде аталып өтуі қажет. Конституцияда азаматтардың дербес цифрлық деректері заңмен қорғалатыны нақты айтылуы керек деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

P.S. Жылдағы дәстүр жалғасып, Ұлттық құрылтайда өзекті олқылықтар ортаға тасталды. Екі күнде мінберге шыққандардың әрбірі халықтың ойында жүрген мәселелерді жұмыр жеткізуді көрдік. Ендігі нәтиже құзырлы органдардың жүйелі жұмысына тәуелді.

АУДИТ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚУЛЫҒЫН ӘШКЕРЕ ЕТТІ

Бес жылдың ішінде елдегі жекеменшік мектептердің саны 3 есеге көбейген

Премьер-министр Олжас Бектенов қаржы министрі Мәди Такиевтің жекеменшік мектептердің қаржысына жүргізген аудитінің алдын ала қорытындысын, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.



Мәди Тәкиевтің сөзіне сенсек, Қазақстанда 2020 жылы жекеменшік мектептердің саны 203 болған. 2025 жылы олардың саны 878 мектепке жеткен.

«Ал, ондағы оқушылардың саны бес жыл ішінде алты есеге, яғни 53 мыңнан 322 мың балаға дейін өскен. Сондай-ақ аталған бағыт бойынша бюджет шығыстарының көлемі 2020 жылғы 13,3 млрд теңгеден 20 есеге көбейіп, 248 млрд теңгеге жеткен», - дейді Тәкиев.

Министр 2025 жылдың соңына дейін жекеменшік мектептерді қаржыландыру жүйесі бытыраңқы әрі бақылаусыз болғанын, сондықтан, деректердің бұрмалануына және бюджет қаражатын теріс пайдалануға жағдай туғанын айтқан.

«Осыған байланысты өткен жылдың соңынан бері жекеменшік мектептерге бөлінетін қаржы Ortabilim.e-qazyna цифрлық платформасына ауысты», - дейді Тәкиев.

Ол аудит тапқан бірнеше заңсыздықтарды тізіп шыққан: Оның ішінде:

• мектептер арасында бірнеше рет ауыстыру және тіркелу арқылы оқушылар санын көбейту фактісі;

• ғимараттардың нақты сыйымдылығын есепке алмай оқушы орындарының санын негізсіз асыра бағалау (нормативтік сыйымдылықтан 3 есе асып кету);

• бюджеттік қаржыландыру алу және сол арқылы салық төлемдерін азайту үшін салық есептілігінде кірісті кем көрсету арқылы еселенген пайда алу;

• күрделі жөндеудің орнына қарапайым және косметикалық жөндеу жүргізу (жобалау және сметалық құжаттамасы болмаған жағдайда) фактілері анықталған.

Үкімет осы заңсыздықтардың бәрін саралай келе, елдегі жекеменшік мектептер балаға білім беруді емес, жеке басының пайдасын ойлаған деген қорытынды жасап отыр.

«Аудит барысында анықталған деректер жекеменшік мектептердің едәуір бөлігі мемлекеттің қаржысын білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету тетігі ретінде емес, бюджет есебінен пайда табу құралы ретінде қарастырғанын көрсетеді. Мұндағы заң бұзу мемлекеттік органдардағы лауазымды тұлғалар жүйені қадағалаусыз қалдырғанын, немесе өздері осы жүйеге тікелей қатысқанын көрсетіп отыр», - деп хабарлайды үкімет.

ТҮЛЕГЕН, ТҮРЛЕНГЕН ФАКУЛЬТЕТ

Осыдан бір жылға жуық уақыт бұрын Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетіне белгілі қаламгер, медиаменеджер Нұржан Қуантаев декан болып тағайындалғанынан оқырман қауым хабардар деген ойдамыз. Оқу ордасы басшылығының тапсырмасына сәйкес жаңа басшыға бұл құрылымды зерттеу университеті талаптарына сәйкес дамыту тапсырылды.





Аз уақыт аралығында «мұздай жаңа» декан қайта құруға құлшына кірісті. Сөйтіп қыруар ұйымдық шараларды жүзеге асыру нәтижесінде факультет жылқы жылының келуімен **«ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ»** болып қайта құрылды. Хош, азғантай уақытта өзгеріс, өрлеу кезеңі басталып та кетті.

Оқу үдерісін заманауи талаптарға сәйкес ұйымдастыру нәтижесінде ұжымдағы психологиялық ахуал жақсарып, жаңашылдық нышандары біртіндеп байқала бастады. Әсіресе ұйымшылдық пен береке-бірліктің нығаюы нәтижесінде ғылыми, практикалық жетістіктер көрініс тапты. Профессор-оқытушылардың Scopus, Web of science базалары мен ККСОН-ға кіретін журналдарда ғылыми мақалалары жиі жарияланып, күні кеше университетіміздің қаржыландыруымен жоғары технологиялық талаптарға жауап беретін ЗАМАНАУИ ЖАҢА ПОДКАСТ СТУДИЯСЫ жасақталып, іске қосылды. Қажетті камералар мен аппаратуралар сатып алынды. Оның алғашқы түсірілімін белгілі журналист, жоғары мектебіміздің магистранты, ҚазТРК төрағасының орынбасары Еркін Мұхамеджанов жүргізіп, қазақ журналистикасының жұлдызы, парасатты публицист, талантты жазушы Шерхан Қазығұлмен тартымды һәм танымдық сипаты мол подкаст түсірілді. Оны жақында YouTube арнасынан көруге болады.

Мамыр айында Шерхан Мұртаза аудиториясы ашылды. Шетелдік университеттермен тығыз байланыс орнатылды. Америка, Италия, Қытай, Испания, Польша елдерінің профессорлары білім алушыларымызға онлайн сабақ оқытуда. Студенттерге нақты практикалық дағдыларды игертіп, мәтін жазудың қыр-сырларын жан-жақты үйрету мақсатында баспасөзде, телеарналар мен сайт-порталдарда қызмет істейтін басшылық қызметтегі практик-мамандар оқу үдерісіне жұмылдырылған.

Бүгінгі ғылыми кеңес мәжілісімізде жылдық қорытынды шығарылып, операциялық жоспарды жүзеге асыруда бұрын болмаған көрсеткіштер хабарланып, университетіміздегі бірқатар әріптестеріміздің едәуір алда келе жатқанымыздан құлағдар болып, қуанысып қалдық. Сонымен қатар университетішілік спартакиадада Жоғары мектебіміздің (факультетіміздің) спорттық командасы тұңғыш рет 1-ші орынға ие болды.

Оның үстіне 22 қаңтар Нұржан Қуантайұлының туған күніне орай оған шын жүректен ақ тілектерді жаудырдық. Азамат екі 5, яғни 55 деген белесті бағындырды. Оның алдағы уақытта да абыройы асқақтап, «ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІН» өркендетудегі тың жобаларының сәтімен жүзеге асуына тілектестік білдіріп, әріптестер бұл жолда кез келген бастаманы бірге жұмыла атқаратындықтарын айтты. Сәттілік серік болсын, Нұреке!

Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің профессоры



Темірдей тәртіптің тағылымы

немесе ұлық ұстаз немере-шәкірт көзімен

Мен Темірбек Қожакеевтің көзін көрмедім. Бірақ оның дәрісін «тыңдадым». Дәлірек айтсам, оның шәкірттерінен дәріс алдым. Сондықтан өзімді кейде Темірбек Қожакеев ұстаздың «қашықтан оқыған» шәкіртіндей сезінемін. Өйткені аудиторияда айтылған әрбір естелік, әрбір мысал, әрбір ұстаздық тәмсіл Темірбек Қожакеевтің рухымен үндесіп жататын.

Журналистикадағы ұстаздарымыздан: «Темірдей тәртіп орнатқан Темірбек Қожакеев еді» – дегенді көп естідік. Сол сөздің салмағын біз кейін ұқтық. Бұл жай ғана қаталдық емес, бұл – журналистикаға қойылған биік талап, мамандыққа деген жауапкершілік, сөзге деген адалдық екен.

Естеліктерге назар салсақ, аңызға айналған аудитория. Темірбек Қожакеев дәріс оқыған аудитория аңызға айналған кеңістік. Ол жерден бос күлкі, бейқам отырыс, салғырт көзқарас өтпеген. Әр студент өзін ертең ел алдында жауап беретін журналист ретінде сезінген. Ұстаздарымыздың айтуынша, Қожакеевтің сабағына кешігу үлкен әбестік саналған. Оның алдында жалған сөйлеу кәсіби ар-ожданға жасалған қиянатпен тең деп есептелген. Ол журналистиканы жеңіл кәсіпке айналдыруға жол бермеген. Біз Қожакеев шәкірттерінен – біздің ұстаздарымыздан сол тәртіптің рухын көреміз. Темірбек Қожакеевтің өзі болмаса да бүгін оның мектебі бар. Ол мектепте жалқаулық жоқ. Ол мектепте артық сөйлеу кешірілмейді. Ол мектепте ұлтқа қызмет ету басты қағида. Қожакеев ұстаздар арқылы ұлағаты бізге жеткен ұлы ұстаз. Менің ұстаздарым Темкеңді ерекше құрметпен еске алатын. Журналистикадағы ұстаздарым Қайрат Сақ, Мұратбек Тоқтағазин әрқашан Қожекеев жайлы естеліктерін бөлісуден жалықпаған емес. Мұратбек ағай: «Мен факультеттің комсомол комитетінің мүшесі болдым, республикалық газеттерге мақалаларым жарыққа шыққанда Темірбек ұстазым қуанып жүретін», - деп тебірене еске алады.

Темірбек ұстаз жайлы айтылатын әзіл-қалжың естеліктердің өзінен оның биік болмысы сезілетін. Бір қарасаң қатал, бір қарасаң әкелік мейірімі мол, бірақ қай жағдайда да әділдік пен шындықтан айнымайтын тұлға ретінде сипаттайтын. Олар Темкеңнен қорықпайтын, бірақ қатты сыйлайтын. Өйткені ол қорқытып емес, ұялтып тәрбиелейтін. Намысына тиіп емес, намысын оятып өсіретін.

Біз сол әңгімелерді тыңдай отырып, өзімізге сұрақ қоятынбыз: «Біз сондай ұстаздың сенімін ақтай алар ма едік?», «Біз сондай талапқа төтеп бере алар ма едік?».

Сол сұрақтар бізді өсірді. Темірдей тәртіптің түп негізі. Темірбек Қожакеев орнатқан тәртіп – қағаздағы ереже емес, сананың заңы еді. Ол журналистиканы жеңіл кәсіпке айналдырмады. Сөзді ойыншық қылғандарға кешіріммен қарамады. Ол үшін журналист – елдің айнасы. Ол үшін қалам – қару. Ол үшін шындық – басты өлшем. Сондықтан да ол шәкірттеріне ең алдымен адам болуды үйретті. Арұятты биік қойды. Елдік мүддені бәрінен жоғары санады. Темірдей тәртіптің артында темірдей ерік-жігер, темірдей ұстаным, темірдей сенім жатты. Біз Темірбек Қожакеевті көрмедік. Бірақ оның рухын көрдік. Оның мінезін көрдік. Оның талабын көрдік. Оның журналистикаға қойған өлшемін көрдік. Бізге сабақ берген ұстаздардың әр ескертуінен, әр талапшыл сөзінен Темкеңнің көлеңкесі сезіліп тұратын. «Осыны Темірбек ағаларың көрсе не дер еді?» «Темкең мұндайға жол бермес еді» деген сөздер бізге кәсіби бағдар болатын. Сөйтіп біз бір адамды көрмей-ақ, бір тұлғаның мектебінен өттік. Ұстаздан қалған ұлы жол.

Темірбек Қожакеев бір университеттің ғана емес, тұтас қазақ журналистикасының ұстазы. Ол қалыптастырған мектеп әлі күнге дейін өмір сүріп келеді. Оның аты – талап. Оның аты – тәртіп. Оның аты – адалдық. Мен Темірбек Қожакеевтің көзін көрмесем де, оның мектебінен өттім. Оның рухани дәрісін тыңдадым. Оның темірдей тәртібінің тәрбиесін алдым. Бұл – ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ұстаздық аманат. Темірбек Қожакеев салған жол – бүгінгі журналистер үшін де, ертеңгі буын үшін де темірқазық болып қала береді. Биыл Темірбек Қожекеевтің 100 жылдығы. Ұстаздың есімі ұмытылған емес. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген осы болар.

Біз, ЕҰУ-нің Баспасөз және баспа ісі кафедрасының оқу бағдарламаларын игеру барысында Т.Қожакеев сынды ұлық ұстаздың шәкірттерінен дәріс тыңдай жүріп, ол кісінің айтқандарын өз құлағымызбен естідік. Шынайы дарынның темірдей тәртіпке бағына отырып, әр білім алушының журналистика шыңына қалай көтерілуге болатындығы хақында ғажап ақпараттарға қанықтық. Біз – Темірбек атаның немере шәкірттеріміз. Ол кісінің айтқандары мен жазғандары – біз үшін қастерлі дәріс, қасиетті өсиет.

Гүлшекер СҰЛЕЙМЕНОВА,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің 4-курс студенті



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ШАЙТАН ЕНГЕН ШАҢЫРАҚ

Қазақстанның оңтүстігіндегі кішкентай қалада тай-құлындай тебісіп өскен, бір мектепте бірге оқыған бес-алты жігіт Алматыда көптен бері тұрамыз, мамандығымыз да әртүрлі. Осы күнге дейін арамыздан қыл өткен емес, жұбайларымыз да, балаларымыз да бір-бірін жақсы таниды, бірге туған туыстардай араласып-құраласып, жақын болып кеттік.

Мектепте оқып жүргенде арамызда Кәкіш деген бала болды. Әкесі үлкен сауда орнында бастық болып қызмет атқаратын. Қалада ол кезде көліктің төресі саналатын «Волганы» осы кісінің мініп шалқып жүретіні әлі көз алдымызда. Ол кезде біз ойын баласымыз, ештеңенің мәнісін түсіне бермейміз. Үлкендер жағы Кәкіштің әкесін жұмыртқадан жүн қырыққан қу деп онша жарата бермейтін. Көбіміздің әкелеріміз айлығы айлығына әрең жететін қарапайым еңбек адамдары. Біздің қолымыз велосипедке жетпей жүргенде, Кәкіш тоғызыншы сыныпта оқып жүргенде сол кезде таптыра бермейтін шетелдік «ЯВА» мотоциклін мініп жүрді. Сондықтан да болу керек, «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» демекші, біздерді онша менсінбей, аулақтау жүреді. Обалы не керек, Кәкіш мектепті жақсы бітірді. Сол жылы-ақ Алматыдағы ең мықты жоғарғы оқу орындарының біріне қиналмай түсті.

Біз студент кезімізде стипендиямызды әрең жеткізіп, қара су ішіп, қара нан жеп жүргенде, ол қара уылдырық жеп, жапжаңа «Жигули» мініп шалқыды. Андасанда кездейсоқ кездескеніміз болмаса, араласқанымыз шамалы болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдары көбіміз жұмыссыз қалып, ала дорба арқалап кеткенімізде Кәкіш керемет байып кетіпті деп естітінбіз. Қайсысының шын, қайсысының дақпырт екенін ажырату қиын. Кішкентай қаладан көшіп келген бір ағамыздың айтуы бойынша, Кәкіштің әкесі өмір бойы саудада басшы болып, үкіметтің байлығын басып қалыпты. Рубльдің құнсызданып кететінін алдынала біліп, байлығын тек алтынмен жинапты-мыс. Өтірік-шынын кім білген, Алматының қақ ортасынан 28 пәтер сатып алып, оны жалға беріп, ақшаны пішендеп табатын құсайды.

Ел шынында да біліп айтады. Менің мамандығым журналист болғандықтан, мемлекеттік дәрежеде өтетін әртүрлі кездесулерде, жиындарда жиі-жиі боламын. Кәкіш жерлесімді сен тұр, мен атайын дейтін небір қалтасы қалың бизнесмендер мен жоғары лауазымды шенеуніктердің арасынан жиі көретін болдым.

Бірде үлкен мемлекетаралық басқосуда екеуміз бетпе-бет кездесіп қалдық. Әлі де менмендігі мен тәкаппарлығы басым, сен қайдан жүрсің дегендей, маған төбемнен қарады, басын изеп амандасқан болды.

Жасы елуге жақындағанда анау кәуек басына аздап болса да ми кірген болу керек, соңғы кездері бізді іздейтінді шығарды. Осыдан екі жыл бұрын кенже қызымның ұзату тойын жасауға дайындалып зыр жүгіріп жүргенімде, Кәкіш күтпеген жерден ұялы телефоныма хабарласып, қызыма ақ тілегін айтты. Баяғы тәкаппарлық жоқ, дауысы биязы. Мектепті бітіріп, жоғары оқу орнын аяқтап, Алматыда тұрақтап қалған Дәуренді, Дәуітті, Сәбитті, Қаржаубайды, Марат пен Сәкенді ұмытпапты. Алыстап кеткен балалық шағымызды есіне алды.

– Дәркеш, жақында өзіміз өскен қалаға барып қайттым. Тәуелсіздік алған жылдарда кішкентай шаһар қирап қалып еді, қазір сәл есін жиыпты. Оқыған мектебіміз көзге ыстық көрінді. Сендерді еске алдым. Бірге оқыған екі-үш кластасымды көрдім, бір-біріңді көріп, араласып тұрасыңдар ма дегенде, не айтарымды білмей, қатты қысылдым.

Қаладағы Орталық мешіттің салынуына Алматыда тұрсаңдар да үлкен үлес қосыпсыңдар, ашылуына қатысыпсыңдар. Ел-жұрт, ағайын сендерге дән риза. Имандылық үйіне мен де құр қол бармадым, үлесімді қостым. Мектепті бітіргенімізге отыз жылдан асыпты. Қызмет, дәулет қуып жүріп, сендерден шеттеу жүргеніме қатты өкінемін. «Ештен кеш жақсы» демекші, араласқым келеді. Шақырып жатсаң, қызыңның ұзату тойына қуана-қуана келемін. Бірге оқыған жігіттердің келетінін білемін. Солармен кездескеннің өзі бір ғанибет! – деді ағынан жарылып.

– «Ақсақ қой түс қайта маңырайды» деген атам қазақ. Есің кірейін депті, – дедім мен әзілдеп. – Ондай ниетің болса, біз де сені қуана күтеміз. Ертең шақыру билетін жіберемін.

Кәкіштің тойға келетінін ешкімге айтқан жоқпын. Ол ішке сопайып жалғыз кіріп келгенде, бәрі де таң қалысты. Сыныптастарым өмірдің қызығы мен қиындығын көріп өскен, әр салада еңбек етіп, нанын адал тауып жүрген жігіттер. Кеш те болса өз үйірін таппаққа ұмтылған Кәкішке ешқайсысы суық қабақ танытпады. Қал-жағдайларын сұрасып, алыстап кеткен балалық шақтарын еске алысып, тай-құлындай шұрқырасып жатты...

Кәкіш көптен көрмеген жерлестерімен тойдың төріне шығып, қызым мен күйеу балама ақ тілек айтып, үлкен бақыт тіледі.

Жерлесім бала кезінен саяқ жүретін, әкесінің дәулеті асып-тасып жатса да, қалтасынан көк тиын артық шығармайтын сараңдау болатын. Қанша дегенмен өмір үлкен ұстаз ғой, кейде ол адам баласын өзгертіп жатады. Кәкішті қанша сараң десем де, қазақтың жөн-жорығын ұмытпапты, қызымыздың тойына тартуым болсын деп, жуандау конверт ұсынды. Мен де жұмыр басты пендемін, ықыласына ішім кәдімгідей жылып жүре берді... Сәл меңмендігі болмаса, Кәкіш мектеп қабырғасында жүргенде-ақ көрікті жігіттің бірі еді. Оның үстіне спорттық гимнастика түрімен айналысады. Астында қымбат мотоцикл, көп адамның қолы жетпейтін қымбат киімді сол киеді. Сымдай тартылған сымбатты бозбалаға қаланың небір сұлу қыздары шетінен ғашық.

Кәкіш жасы елуге келсе де, баяғы сымбатын жоғалта қоймапты. Үстінде өте қымбат шетелдік костюм, сәл қырау шала бастаған қою қара шашы өзіне жарасып тұр. Маңғаз, келісті жігіт ағасына күйеуі жоқ көрші сұлу келіншектің көз қиығы қайта-қайта түсе берді. «Балықшы балықшыны алыстан таниды» демекші, Кәкіш те сол сұлудың жанынан көбірек табылды. Қыз ұзату тойы аяқталуға жақын қалғанда, Кәкіш пен бүгін елден ерекше жырқылдап көп күлген, мейрамхананың еденінің түбін түсіріп билеген сұлу келіншек ешкіммен қоштаспай зып етіп тайып отырысты. Олардың зытып бара жатқанын жанымда тұрған жерлесім Серік екеуміз байқап қалдық.

– Дәркеш, мына Кәкіш мектеп қабырғасында жүргенде көрші орыс мектебінде оқитын он бестердегі жас қызды екікабат етіп қойғаны есіңде ме? – деді басын шайқап. – Қатынқұмарлығын әлі қоймапты. Тойға келген екен, біз сияқты адам құсап әйелімен бірге келмей ме? Соңғы кезде сені жиі-жиі жағалап кетті, ол бекер емес. Бір есебі бар оның.

Жанымызға әйелім келіп, әңгімеміз аяқталмай қалды.

Арада екі апта өтпей жатып, Кәкіш хабарласып, мені жұмыс орнымнан алып кететін болды. Шаруам бір басымнан асып жатса да көңілін қимай, келісімімді бердім. Келіскен уақытта Кәкіш өмірімде көрмеген қымбат шетелдік көлікпен келді. Жанындағы жүргізуші мен шымыр денелі, қараторы жас жігіт бас изеп амандасқаны болмаса, екеуі де ауыздарына су толтырып алғандай, жол бойы үнсіз отырды.

Үлкен қаланың дәл ортасындағы офис үш қабатты ғимарат болып шықты. Есіктің алдында тұрған жас күзетші еменнен жасалған есікті ашып жатты. Асығыс көтеріліп, тез Кәкіштің кабинетіне бет алдық. Қабылдау бөлмесінде көзін сүрмелеген жас хатшы орнынан ұшып тұрып, «Сәлеметсіздер ме, хош келіпсіздер!» деп ілтипатпен амандасып, кабинеттің есігін аша берді. Атшаптырым кабинет қымбат жиһаздармен жабдықталған. Бірнеше хрустальді люстра айналасына сұсы басым көрік беріп тұр. Қымбат, шымқай қызыл матадан тігілген перделер ерекше бір салтанаттың белгісін аңғартады. Кәкіш екеуміз шағын столдың жанына қойылған қымбат былғары креслоға жайғастық. Сол-ақ екен, рұқсат сұрап әлгі құмырсқа бел хатшы қыз келді.

– Кәкіш Сұрағанович, сізге әдеттегідей қара кофе ме? – деді. «Иә» дегендей, кабинет иесі басын изеді.

– Аға, сіз не ішесіз? – деді хатшы лыпылып етіп, – кофе ме, әлде шай ма?

– Рахмет, қызым! Маған қант қосылмаған қара шай жетіп жатыр.

– Менің бизнеспен шұғылданғанымды білгеніңмен, нақты қандай іспен айналысатынымды білмеуің мүмкін, – деді Кәкіш жаңа ғана хатшы қыз әкелген кофені қолына алып, – біздің фирма «Қаратас» деп аталады. Менің автомобиль жолдары институтын бітіргенімді жақсы білесің. Кеңес дәуірі кезінде қатардағы мастерден жол басқармасының бастығына дейін көтерілдім. Кеңес дәуірі ыдыраған соң, жұмыстың берекесі кетіп, осы мекемені аштым. Негізі атқаратын жұмысымыз – Қазақстан бойынша жолдарды күрделі жөндеуден өткізу. Соңғы бес-алты жылда Батыс Қытай – Батыс Еуропа сияқты ірі магистраль салу жобасына қатысып, біршама табыстарға жеткен жайымыз бар. Бізге бекітілген учаскедегі 70 шақырымдық төрт жолақты автомобиль жолын уақытында әрі сапалы аяқтау міндеті тұр. Бұл дегеніміз, қыруар жұмыс, қыруар қаржы, үлкен жауапкершілік. Сондай-ақ, Жапониядан, Франция және Германиядан қазіргі заманғы озық технологиялық медициналық жабдықтар жеткізумен айналысамыз. Құдайға шүкір, қол жеткен табысымыз жаман емес. Фирмада 300-ден астам адам жұмыс істеп, нәпақа тауып жүр.



Кәкіш өз жұмысы, компанияның болашағы туралы тәптіштеп айтып жатты. Шетелден медицина жабдықтарын жеткізу жөніндегі бизнес түрінен менің хабарым шамалы. Ал, жол жөндеу, жаңа жол салу мәселесін бір кісідей жақсы білемін. Жаңылыспасам, осыдан оншақты жыл бұрын болатын. Жанұяммен Абай және Сайын көшелерінің қиылысындағы көп қабатты үйлердің бірінде тұрамын. Қыркүйек айының орта шенінде болу керек, күндегі қалыптасқан әдетім бойынша ерте тұрып, Сайын көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолымен серуендеп келе жаттым. Абай көшесіндегі үлкен көпірге жеткенімде біреудің қатқыл шыққан ашулы дауысы естілді. Жалт қарап, өз көзіме өзім сенбедім. Қолына линейка, аяғына керзі етік, басына қалпақ киген күнде телебізірден көріп жүрген қала әкімі біреулерді әкесін танытып, ескерту беріп жатты.

– Сендерде мысқылдай ұят бар ма, жоқ па? – деді әкім қатулана сөйлеп. – Мына жолдың күрделі жөндеуін өз уақытында бітірдік, сапасы керемет, – деп мені де, қала тұрғындарын да алдағыларың келеді. Айтқан өтіріктеріңді дәлелдеп берейін бе?! Күрделі жөндедік деген жолдың екі жиегін жеті сантиметрге кем салып, үлкен көзбояушылыққа барып отырсыңдар. Төселген асфальттың қалыңдығы 6 сантиметрге кем. Ойбай-ау, мынау масқара ғой! Жолға қолданған құрылыс материалдарының анализін алып, арнайы лабораторияға тексеруге жіберілсін!

Жасаған ұрлықтары мен былықтары аймандай болған жол жөндеу учаскесінің басшылары айтуға сөз таппай, түрлері сұп-сұр болып төмен қарай берді.

– Жеп қойған қаржыны қайтарып, ұзындығы он шақырымға жуық жолды қайтадан күрделі жөндеңдер! Әйтпесе, жегендеріңді желкелеріңнен шығарамын!

Қала әкімі жанындағы көмекшісін ертіп, қызмет көлігіне бет алды.

Батырға да жан керек, жолды күрделі жөндеу қайта басталып, уақытында аяқталды. Оны Алматы қаласының әкімі қалай қабылдап алғанын, «Алматы» телеканалындағы жаңалықтардан көріп, әкімге іштей риза болдым.

Сайын даңғылының төрт жолақты автомобиль жолы Батыс Қытай – Батыс Еуропа магистральмен салыстырғанда майда-шүйде іс. Жаңылыспасам, осыдан алты-жеті жыл бұрын 1 шақырым жол салуға 1 000 000 АҚШ доллары жұмсалатын. Нарық шарықтап, қымбатшылық асқақтап тұрғанда, сөз жоқ, бұл қаржының әлдеқайда көбейгені шындық.

Жанымда отырған Кәкіш бауырым 70 шақырымға жол салып жатырмын деп отыр желпініп. Иә, мемлекет жолдарды жөндеуге, жаңа жолдар салуға қыруар көлемде қаржы бөліп жатыр. Бірақ, оның сапасы қандай дәрежеде? Әңгіменің мәнісі сонда. Басқасын тәптіштеп айтпайақ қояйын. Астана – Алматы арасындағы жаңадан салынған үлкен жолда былық шығып, сол кездегі көлік министрі істі болғаны әлі есімізде. Өзі тойса да, көзі тоймайтын жоғары дәрежедегі шенеунік көп асап қойып, темір тордың ар жағынан бір-ақ шықты. Одан кейін де ішіп қойған, жеп қойған талай бастықтар түрмеге қамалды. Бірақ, жол сапасы жөнделер емес, баяғы жартас, сол жартас.

Жақында Таразға барып қайттым. Осыдан бес-алты жыл бұрын салынған бетон жол әр жерден ойылып, опырылып берекесі кетіпті. Естіген құлақта жазық жоқ, «Кәкіштің сұғанақтығы бар, қолы таза емес» деген қаңқу сөзді естіп қалмыз. Итің жаман десе намыстанатын қазақпыз, жерлесімнің жаман істен аулақ жүргені дұрыс болар еді. Кәкіш жерлесім өзі басқаратын компанияның жетістіктері, ертеңгі болашағы туралы айтып жатқанда, осындай ойдың жетегінде отырдым.

– Дәркеш, тағы да шай алдырайын ба? – деген жерлесімнің сөзі ойымды бұзып жіберді.

– Рахмет! – дедім сыпайылық танытып.

– Құрдас! – деді Кәкіш – сенімен арнайы кездесуімнің мақсаты – атқарып жатқан жұмыспен таныстыру емес еді. Жұмыс қайда қашар дейсің, одан да күрделі бір мәселе болып тұр. Сол туралы өзіңмен ақылдасайын деп едім.

– Сендей аты шулы бизнесмен менімен ақылдасатын болса, менің де осал болмағаным ғой, – дедім күліп.

– Сені кім осал деп айтты. Кәсіпкер болсақ та, біз де газет-журнал оқимыз. Жазғаныңды, жүргізген хабарларыңды көріп жүрміз. Сен өз мамандығыңның шеберісің, майталманысың. Саны бар да, сапасы жоқ қара жаяу журналист болсаң, Президент сыйлығын алар ма едің? Жақында ел жаққа барғанда аңғардым: абыройың биік екен, қала әкімі де, Мәслихаттың хатшысы да сені мақтап, жер мен көкке сиғызбады. Біз оқыған мектепте сенің атыңнан сынып ашылып, мұражайдан үлкен суретің орын алыпты. Бұл – үлкен абырой, үлкен құрмет! – деп бұрынғы сыныптасым артыма көпшік қойып, мақтауымды әбден жеткізді.

Журналист ағайындар іштей психолог болып келеді. Кәкіштің мені кабинетіне шақырып, мені «данышпан» жасамақшы болуында бір есеп барын іштей сезіп отырмын. Сол күдігім рас болып шықты.

– Дәркеш, екеуміз бір көшеде өстік. Менің әкемді жақсы білесің, ол кісінің қалаға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз, өмір бойы ел игілігі үшін еңбек етті. Ол кісінің дүниеден өткеніне 10 жыл болыпты. Ортамызда аман-есен жүргенде келесі жылы 90 жасқа толар еді. Менің шалқақтап жүргенім – әкемнің арқасы деп білемін. Оның торқалы тойын дүркіретіп өткізсем деген ізгі ойым бар. Сөзімнің басында елге барып қайтқанымды айттым, қаладағы көшелердің бұрынғы аттары өзгертіліпті. Бұл дұрыс шығар, заман талабы солай, егеменді ел болдық. Дегенмен, бұл жөнінде әттеген-ай дейтін жайлар бар болып шықты. Көшелердің атын кім көрінгенге беріп жатыр. Басқасын айтпай-ақ қояйын, көзі соқыр болып қалған көрші шахтерге дейін бір көшенің атын беріпті. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, ел мүддесі үшін маңдай терін төккен менің әкемнің атында, Қарабай Оңғарбаевтың есімінде көше жоқ. Бұл әділетсіздік емей немене! Қала әкімінің қабылдауында болып, осы мәселені көтеріп едім, сылап-сипап шығарып салды. Өзі ештеңенің мәнісін түсінбейтін дөңкиіп қалған біреу екен. Әкемнің 90 жылдығы жақындап қалды, қаладан бір көшенің атын алып бермесем – абыройыма дақ түсейін деп тұр. Жоғарыда айтып өттім емес пе, елде сенің абыройың асқақтап тұр, әлгі әкімге сенің сөзіңнің өтеріне еш дауым жоқ. Көмектесіп жібер бауырыңа. Керек десең, елге бірге барып қайтайық. Ер мойнында қыл арқан шірімейді, еңбегіңді ақтаймын...

Сөзін аяқтаған Кәкіш маған қарап, бұл не дейді екен дегендей, үнсіз қалды. Жерлесім үлкен салмақ артып отыр, айтылған өтініштің орындалуы – оңай шаруа емес. Қала әкімшілігі айға қарап, жұлдыз санап отырған жоқ. Олар кімнің кім екендігін жақсы біледі. Кәкіштің әкесі үлкен қызметте болғанымен, ешкімге қайырымы жоқ кісі еді. Талай жазықсыз жандарға тізесін батырғанын қаладағы үлкендер тұрмақ, біз, кішкентай балалар да білетінбіз. Осының бәрін сыныптасыма айтып, лайықсыз адамға көшенің атын беру қиын екендігін айтып, желпілдеп отырған Кәкішті ренжіткім келмеді.

– Түсіндім, Кәкіш. Екі айдан соң әкемнің туған інісінің асы еді. Қалаға барғанда әкімге кіріп, сенің өтінішіңді айтып шығармын, – дедім Кәкіштен құтылғанша асығып.

– Жарайсың, Дәркеш! Нағыз азамат екенсің. Рахмет саған!

Қатты қуанған жерлесім орнынан тұрып кетті. Үш күннен соң, Кәкіш тағы да телефон соқты.

– Дәркеш, үлкен қалада тұрып жатқан жерлестер онша көп емеспіз, ары кетсе бес-алты жанұя екен. Сендердің бастарыңды қосып дәм беру көптен бері ойымда бар еді. Сенбіге дейін әлі бес-алты тәулік бар. Біз дайындала берейік. Жігіттер сені тыңдайды. Жерлестеріме сәлемімді жеткіз. Міндетті түрде жұбайларыңмен бірге келіңдер. Біраздан соң тұратын мекен-жайымның адресін жіберемін. Менімен хабарлас, жауабыңды күтемін, – деп телефонын өшіре берді.

«Шақырғаннан қалма, шақырмағанға барма» деп данышпан бабаларымыз тегін айтпаған. Оның үстіне дәмнен ешкім үлкен емес. Шақырған күні бәріміз жұбайларымызды ертіп, жолға шықтық. Медеуге бара жатқан жолдың маңайындағы табиғаты көрікті жерге қоныс тепкен үш қабатты зәулім үйдің алдында Кәкіш пен жұбайы қарсы алды. Жарты гектарға жуық жерді алып жатқан мекен-жайдың іші кішігірім бау-бақша. Ағаш біткеннің небір түрлері жайқалып, айналасына ерекше бір рең беріп тұр. Үлкен үйдің алдындағы гүл шоқтары жан-жағын көріктендіріп, ажарландыра түскендей. Шаңырақтың маңайынан екі-үш күзетшіні аңғарып қалдым. Аумағы үлкен үйдің бұрыш-бұрышына бейне бақылау құралдарының орнатылғаны байқалады. Үйдің іші де керемет болып шықты. Алтынмен апталған, күміспен қапталған патша сарайына кіргендей болдық. Қымбат әрі шетел жиһаздары рет-ретімен орын тауып, еденге қымбат парсы кілемдері жайылыпты. Көлемі алпыс шаршы метрден болатын қонақ күту залы өзінің сән-салтанатымен қарсы алды. Пілдің сүйегінен жасалған үлкен столға дастархан жайылыпты. Құстың етінен басқаның бәрі бар, сіресіп тұр. Кәкіш бәрімізді төрге шақырды. Әйелі бар, еркегі бар бес-алты қызметші зыр жүгіріп қызмет етіп жүр.

Еркектерге қарағанда әйелдер халқы әуесқой болып келеді. Олар осыншама байлық пен дәулетке, сән-салтанатқа қызыға, таңдана қарайды. Кәкіш үлкен бизнесмен ғана емес, тамаша тамада болып шықты. Бәріміз көңілді отырдық, балалық кездердегі небір қызық оқиғалар айтылды, жастық шақтағы әндерімізді шырқадық. Бәрі дұрыс сияқты, бірақ, мен көпшілік байқай қоймаған, көңілге кірбің әкелетін бір-екі жайды аңғарып қалдым. Кәкіштің жоғары оқу орнында оқитын студент қызының оғаштау мінезі ұнамады. Есі бар қыз үлкен кісілермен дастархан үстінде көп отырмайды, тез шығып кетеді. Бұл қыз болса отырған орнынан қозғалар емес, оның үстіне егде адамдармен бірге мұз салған шетелдік вискиден қайта-қайта алып қояды. Қыздарының мұнысына Кәкіштің де, жұбайының да мән беретін түрі жоқ. Жерлесімнің әйелінің де оңып тұрған түрі жоқ. Ішімдікті еркектерден қалыспай сілтеп, ыржалақтап күле береді. Орнынан тұрып, әдемі көздерін төңкеріп қойып, біресе маған, біресе жанымдағы Серікке әдейі сүйкеніп өтеді. Түннің біраз уақытында қонақтықтан қайттық. Үйге Серіктің жүргізушісі әкеліп тастады.

– Бәрі дұрыс болды, бірақ маған Кәкіштің әйелі мен бүлдіршіндей қызының кейбір қылықтары ерсілеу көрінді, – деді Серік менімен қоштасарда.

– Сен де аңғарған екенсің ғой, – дедім басымды шайқап, – мына түрлерімен олар Кәкішті талай ұятқа қалдырады.

...Арада бір айдан соң, Кәкіш жүрек талмасынан қайтыс болыпты деген суық хабар жетті. Оның жаназасына адамдар көп жиналды. Көппен бірге жерлесімізді соңғы сапарға шығарып салдық...

Кәкіштің қырқын берген күні жерлесімнің оққағары болған жас жігітпен бетпе-бет кездесіп қалдым. Ол мені танып амандасып, көңіл айтты.

– Аға, мен сізді алғаш көргенде бірден таныдым. Сіздің менің әкем Өрісбаймен бір класта оқығаныңызды жақсы білемін. Ол кісі сізді ылғи айтып отырады. Өткен жолы өзімді таныстырғым келді. Бірақ, бастықтың алдында бізге артық сөйлеуге болмайды. Ол жағын өзіңіз де жақсы білесіз.

– Атың кім, айналайын?

– Менің есімім Ержан болады, – деді кластасымның ұлы қолын ұсынып.

– Әкең аман-есен бе? Әлі жұмыс істеп жүрген болар? – дедім жерлес інімді жақын тартып.

– Шахта тоқтап қалған, қазір таксист болып нәпақасын тауып жүр, – деді Ержан көңілсіз.

– Інім, – дедім – Кәкіштің қырқы өтіп, абыр-сабыр басылған соң, мейрамхананың жанындағы кондитер өнімдерін сататын дүкеннің алдында жолығайықшы. Кәкіштің өлімі туралы толығырақ білейін деп едім.

– Түсіндім, аға, келемін, – деп Ержан келісімін берді.

(Жалғасы бар).



Мұхтар ШЕРІМ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, сатирик

Супер бетсіздер

(Сатиралық роман)

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Майра артына бұрылып:

– Сәлеметсіз бе? – деді.

– Сәлемет пе?

Екеуі қуып кеп берсін. Олимпиада ойындарында қашықтыққа жүгіруден чемпион атанған спортшы сияқты Айтбай мырза зу ете қалды. Қарғап-сілеген Майра күйеуін құшақтап даңғыл жолға қарай келе жатты. Жолай сөйлеп келеді:

– Мына қарныңды құрт деп қанша айттым саған! Осы қарыңның кесірінен алқынып қаласың. Ұялы телефоны бар ма екен өзі? А-а, біздің ауылда сеть ұстамайды екен ғой!

– Сеть ұстамайды екен, – деген дауыс шықты. Сөйтсе Айтбай Майраның сол жағынан жүріп, қолтықтап келе жатыр. Қалай байқамаған? Бас салғалы тұрған, сытылып шыққан ол жоқ болып кетті.

– Масқара, масқара! Мынау адам емес, шайтан! – деді Майра.

– Бізге өлік керек емес, көлік керек…

– Әдейі өлтірді деймісің? Прокурор болдың ғой сен де!

– Қалаға барайық. Сосын?

– Қорқып, қашып кеткен боламыз. Ауылға келсек үйімізде Данабекті өлтіріп кетіпті!

– Неге біздің үйде? Егесі жоқ үйде адам өлтіруге бола ма?

– «Прокурор мырза», малы ұрланғандар бізді азаптап, байлап тастаған. Сосын Данабек қақпас мені зорлаған. Сен босанып кетіп, мені зорламақ болдың.

– Зорлағаны несі?

– Ой, кешір, құтқармақ болдың. Бір кезде…

– Немене бір кезде? – деп сұрады Ерболдың басы қатып.

– Ештеңе болған жоқ, – деген дауыс шықты. Жалт қарап еді, Майра өзін қолтықтап келе жатқан жұқсызды көрді. Күйеуі күйіп кетті, жұдырығымен түйіп жіберген, оған жетпей, әйелінің иығына тиді. Айтбай бұрынғыдай бұлт ете қалып, алысқа зымырап кетті.

– Түс көріп келе жатқан жоқпыз ба? – деп сұрады ұрының қатыны.

– Адам айтса сенгісіз. Ой, қойшы соны! Сосын, бір кезде?

– Былай болсын. Бір кезде қолында пышағы бар Мергенбай жетіп келді. Саған қарай сілтеп, жіберіп ұрғанда… – деген Майра жан-жағына қарап алды. Сосын:

– Ана сұмырай мені қолтықтап келе жатқан жоқ па? – деді.

– Енді келсе, қолға түседі. «Көп ойнаған бір жылайды». Сосын?

– Былай болсын. Сен бұғып қалғансың, пышақ Данабектің жүрек тұсына дір-р етіп қадала кетті.

– Полиция сене қояды дейсің бе?

– Сенбесе өздері білсін. Болмаса ауылға бармастан қашып жүрейік.

– Басым қатып кетті…

Олар «Камазға» жеткендерін енді байқады. Ербол рульге отырып болған соң, алақанын жайды:

– Я, Алла, жортқанда жолымыз болсын, қалтамызға доллар толсын, бізді мазақтаған Айтбай көктей солсын, аумин! – деді.

Майра бетін сипады. Күйеуі газды басып, қалаға қарай зуылдады. Жанында әйелі, кабинадан тауып алған пістені шықылдатып шағып отыр… Пісте шаққаны қызық, аузын ашып, пістені лақтыра салады да, жылдам шағып, жылдам түкіре қояды.

Құшақтасу

«Маған қатын табылады!» – деп ойлады ішінен Нартай, – қалада «қ» әрпінен басталатын Қорлан, «с» әрпінен басталатын Света, Сағира, Сандуғаш, «а» әрпінен басталатын Айдана, Аруназ, Аружан, Ая, Айғаным, «д» әрпінен басталатын Дина, Дариға, «ұ» әрпінен басталатын Ұлбосын, Ұлболған, Ұлболмаған, Ұлшығар, «ь» – жұмсақ белгіден, мягкий знактан басталатын… Ондай қыз жоқ екен ғой. «ьТамара десем болмайды, ә? Көп қой? Бірақ, олардың бәрі еркек құмарлар! Өй-й, табылады, он екіде бір гүлі ашылмаған қыз тиеді маған! Еңкейіп, ет жеп отырған шал емеспін ғой».

Ол үйіне күбірлей сөйлеп кіргенде, төрдегі диванда одырайып отырған қайын атасын, беті жыбырлап отырған енесін, түтігіп кеткен әйелін көріп, состиып тұрып қалды.

– О, Қарлығаш табылды! Қарлығашым табылды! – деген ол өтірік жымиды.

«Саясат керек, саясат!» деді ол ішінен. «Албасты! Екі жүзді ғой! Қарашы, тұк болмағандай!» деп ойлады ішінен Қарлығаш. «Осыны адам қатарына қосып жүрген мен де ақымақпын!» деп ойлады Таңатар. «Қатын құмар албасты! Қызымды ұрған қолың бытыр-бытыр сынып, саусақтарың жапырақ болып кетсін!» деді ішінен Бәтима.

– Күйеу бала, қандай «концерт» қойып жүрсің?» – деп сұрады Таңатар. Нартай үнсіз.

– «Әйел сабау» деген.

– Ұрайын деп қалған едім…

– Нартай, еркексің бе? – деді ызалы қараған Қарлығаш.

– Ұрайын, ұрайын деп қалып, ұрмастан бұрылып кеттім ғой.

– Ажырасамын! Кет үйден! – деді Қарлығаш.

– Ойбай! Ұрайын, ұрайын деп қалғанға да ажырасады ма екен? Қалқабайыңды сағынып отырсың ба?

– Мен ешқайда барған жоқпын!

– Қарлығаш! Міне, факті! Суретке түсіріп алдым. Қалқабай екеуіңе қатар салынған төсек!

– Нартай, қызымды ұрғаның үшін бастығына арыз жазамын! – деп қалшылдаған Таңатар жүрек тұсын сипалай берді.

– Әке, осы бір сұмырайға бола ашуланбаңызшы!

– Ойбай! Мен сұмырай болдым ба? Баяғыда «жаным, күнім, сенімен өтті талай түнім!» деуші едің ғой?

– Кет! «Кет дегенде, ит те кетеді!» – деді Бәтима.

– Солай ма? Кете алмайды дейсіңдер ме? Кетемін де қаламын! Мына үйлеріңді менен қызғанып тұрсыңдар ғой? Түкірдім бәріңе! А-х-х! Құқ! – деген ол жерге былш түкіріп, есікті сынып кетердей тарс жауып, далаға шығып кетті. Сосын қайта кірді.

– Кешіріңіздер, құжаттарым мен киімдерімді ала кетейін! – деп шифонерді ашып, киімдерін сүйретпелі рюкзакқа сала бастады.

– Менің сақал қырғышым қайда? Мәйкілерім қайда? Әкеңе сыймайды бәрібір!

– Менің кофтамды салып жатқаның не? – деп жүгірді Қарлығаш. – Қай қатыныңа апарып бермек едің?

– А-а, трусиім екен деп қалдым. Пардон! – деген Нартай есікті тарс жауып, кетіп қалды. Үйдегілер тым-тырыс отырғанда, ол қайта кірді.

– Кешіріңіздер, тіс жуатын пастамды ұмытып кетіппін! Балам ұйықтап жатыр ма? Маңдайынан иіскеп кетейін, – деген ол жатын бөлмеге кіріп, ұйықтап жатқан ұлының маңдайынан иіскеп, арқасынан қағып, былай шыға беріп:

– Қарлығаш, Қалқабайға айтып қой, балама өгейлік танытып, ұрып жүрмесін! Басын қағып аламын! – деді.

– Үйде туфлиіңмен жүрме деймін! – деді ашулы Қарлығаш.

– Пардон, мені сағынба! Мені ойлап, жылама! Мені ұмыта алмай, суретіме езіліп қарама! Мен енді саған жоқпын! Қош, Қарлығаш! – деген Нартай әйелін құшақтай алды. Қарлығаш оның кеудесінен итеріп жіберді.

– Адамды қорлама!

– Ата, кешіріңіз, тағдырым банкіге тұздалды. Еркек әйелін не үшін ұрайын, ұрайын деп қалады? Тілі ұзын болғаны үшін. Қызыңыздың тілі төрт метр, төрт сантиметр! Сіз де хош болыңыз! – деп қайын атасын құшақтап тұрып алғаны. Әдейі істеп тұр ма, жоқ әлде шынайы ма, адам түсініп болмайды. Осылай да қоштасуға болады екен-ау! Қарлығаш оны әкесінен жұлқып-жұлқып, әрең ажыратып алды. Нартай енді енесіне елжірей қарады:

– Апа, апатайым менің! Сіз бар ғой, сіз керемет адамсыз! Осы уақытқа дейін маған өз балаңыздай қарап, үйіңізге барғанымда төстің жартысын өзіңіз жеп, жартысын маған беретін едіңіз! Сізді ұмытпаймын апа, хош болыңыз! – дегенде көңілі бос, аққөңіл байғұс енесі орнынан тұрып, күйеу баласын құшақтай алды. Көзінің жасын бір сығып алды.

– Қайтейін балам, ұлдарың өсіп қалды, алысқа ұзап кетпей, үйге келіп тұр. Айран ішіп… – деді.

Нартай бұдан әрі бөгелген жоқ, маңдайына түскен шашын басын қақшаң еткізе, бір сілкіп алып, үйден шығып кетті. Шығып бара жатқанда әйелінің «Апа, неменеге елжірей қалдыңыз? Адамның позорын шығарып!» деген тікенек-тікенек сөздерін естіп қалды. «Е, қайдан білейін, адамның көңілін босатып жіберді ғой, Құдай-ай!» деген енесінің даусы құлағына шалынды.

Пісте шағып отыр

«Камаз» жүк көлігі қалаға қарай жақындап қалған. Сонадайдан МАИ инспекторларының көлігі көрінді. Қызылды-жасылды жарықтары жарқырап, жақындаған сәтте, бірі ала таяғын жоғары көтеріп қалғаны. Бітті, Бәтима! Ербол көлікті жол шетіне тоқтатып, ернін тістеп отырып қалды.

– Бізді сағынып қалыпты! – деді ол.



– Шығып сөйлес, – деді Майра.

– Не деп? Құжаттары қайда екен, бардочокты қарашы.

– Сыр берме! Түс деймін. Жалпақтап, қолдарын ал, жағдай сұра!

Ербол кабинадан секіріп түсіп:

– Апам-ай, апам-ай! Арманда кеткен апам-ай! – деп қорсылдап жылап, МАИ инспекторларымен құшақтасып көрісті.

– Тоқта, тоқта, «апам-айың» не? – деп сұрады инспектордың бірі.

– Апам-ай, апам-ай, тоқсанға жетпей, тоңқалаң астыңыз-ау! Арманда кеттіңіз-ау?

– Жылама деймін! Әртіс болып тұрсың ба? Құжаттарыңды көрсет! – деді екіншісі.

Ербол басын салбыратып тұрған. МАИ инспекторына тіке қарады да:

– Ой, Самат емес екенсіз ғой! Сол екен деп қалдым, кешіріңіз, – деді.

– Қай Самат?

– МАИ инспекторы Самат Алдабергенұлы ше? – деді ол МАИ инспекторы болып істейтін танысын еске алып.

– Иә, бізде істейді. Оның шешесіне не болды?

– Ауылда тұратын шешесі есекке мініп жатқанда, арғы жағына ауып кетіп жығылып, бейшара қайтыс болыпты. Жерлеспіз ғой. Бір досы маған қазір ызбандап… Кешіріңіз, сізді Самат екен деп қалдым! Саматтың шешесі сіздің де шешеңіз ғой, ешкілестер болған соң… Көрісіп жатқанымды қабыл алғайсыз…

– Жарайды, құжаттарыңды көрсет. Жүк көлігінде не бар?

– Ауа бар.

– Ауасы несі?

– «Пустой» дегенім ғой.

– Так, «направлениеңді» көрсет.

– Болды, қазір әкелейін! – деген Ербол кабинаға отыра кетіп, әйеліне:

– Көнбей жатыр, өзің сөйлесші! – деді. Майра иығын бір қиқаң еткізіп, кабинадан секіріп түсті. МАИ инспекторларына жақындап, омырауының ішінен он мыңдықтардың бірнешеуін шығарып:

– Жігіттер, қалайсыңдар? Міне, біздің құжатымыз! – деп бірінің қалтасына сала қойды. Инспекторлар бір-біріне қарады. Майра басын қақшаңдатып, жымиды. Бір кезде инспектордың қарындылауы:

– Бірден осылай-осылай көрсетпейсіңдер ме? Бәрі дұрыс екен, жолдарың болсын! – деді. «Шопырлардың қызығын көріңдер!» деп ернін шүршиткен қылықты келіншек кері бұрылып, кабинаға отырды.

– Кеттік!

– Қайда барамыз? Көлікті тастайық та, қалаға қашайық.

– Миың сорпа болып кеткен бе?

– Иә, тез пісетін «Ролтон».

– Әй, сәл жүрген соң айдалаға, адырға қарай бұрылып кетейік. Жүк көлігін қарап шығайық. Не бар екенін көрмейміз бе? Біз атақты ұрылар емеспіз бе?

– О-о, солай екен ғой! Қатынушкам менің! – деп ыржалақтады Ербол.

– «Ұрының қатыны өзіне лайық!»

– Лайығым менің! – деген Ербол «Камазды» гүр еткізе оталдырды. Олар МАИ бекетінен шамамен екі шақырымдай ұзаған соң, солға қарай бұрылып, топырақ жолға түсті. Ербол ыңылдап, ән салып келеді. Майра көңілді, пісте шағып отыр. Пісте шаққанда аузын ашып, пістені лақтырып жібереді де, жылдам шағып, жылдам түкіре қояды.

Қатар жатқандар

Таң бозарып атқанда Нартай Қалқабайдың үйіне кіріп келді. Есік сол күйі ашық тұр. Бөлме ішінде Қалқабайдың аузы ашылып, ұйқының көкесін көрсетіп жатыр екен. Желкесін қасып тұрған Нартай мырс етті де, шалбарын шешіп, лақтыра салды. Сосын Қалқабайдың жанына жатып алды. Бір кезде ұйқыдағы батыр теріс аударыла кетіп, иығын қасыды. Шалқалай түсіп, оң аяғын Нартайдың аяғының үстіне қойды. Тіпті, оның бетін қасыды. «Қарлығашым, келдің бе? Ол ешкі саған күйеу болып жарытпайды!» деді сандырақтап. Амал жоқ, Нартай да еміреніп «жаным сол!» деген. Бір кезде көзін бақырайта ашқан Қалқабай өзін құшақтап жатқан Нартайды көріп, таң қалды. Таң қалып талып жата беруге болмайды ғой, орнынан ұшып тұрды.

– Маған жабысып жатқаныңа жол болсын! – деді.

– Енді қайда барамын? Қатыным қуып жіберді.

– Тұр, кет деймін!

– Менің үйім жоқ.

– Адам емес екенсің ғой!

– Мені адам деп кім айтты? Қатар жатып, ұйықтап алайын. Басым сынып барады.

– Тұр деймін! Еркек пен еркек қатар жатпайды.

– Жата тұрайықшы… – деген Нартай оның қолынан ұстап, қасына топ еткізді. – Өмірімде «көр қазушымен қатар жатамын» деп ойламаппын!

– Аяғыңды аяғымның үстіне қойма деймін!

– Аяғың майысып қалады ма не?

– Кетші-ей! – деген Қалқабай теріс қарап жатып алды.

– Кетсең, кетші-ей! – деп Нартай теріс қарап жатып алды.

Бұрын адам өлтіргенсіз бе?

Ерболдың үйінің маңайында құмырсқадай құжынаған адамдар. Аудандық ішкі істер басқармасының бастығы полковник Жарылқасын Тұраров осында. Тергеушілер, криминалистер жүр. Мергенбай кесілген томар үстінде таңылған басын ұстап отыр. Криминалистердің бірі Данабектің мәйітін суретке түсіріп жатты.

– Мергенбай Серікбаев, оқиға қалай болды? – деп сұрады тергеуші Жасұзақ Нұрсейітов.

– Оларды Данабек екеуміз күзетіп қалғанбыз.

– Олар кім болып істейді?

– Атақты ұрылар.

– М-м…

– Иә, екеуін түнде қылмыс үстінде ұстап алдық. Сосын бүгін сіздерге тапсыратын болғанбыз.

– Сіздің қолыңызда пышақ. Не үшін жанжалдастыңыздар?

– Айттым ғой, мұның бәрі «подстава».

– Саусақ іздеріңіз анықталған соң анықтаймыз. Пышақты қалай сұғып алдыңыз? Былай ма? Кірш еткізіп?

– Қолыма пышақ ұстаған жоқпын!

– Пышақ өзінен-өзі сұғылып кетті ме?

Тергеуші Мергенбайға жымысқыла қарады. Ішінен не ойлап отырғаны белгісіз. Белгілісі, сұрақтары сидиып, сүмірейіп қалған.

– Пышақты сұғып алғаныңызда жәбірленуші не деді?

– Айттым ғой. Мен өлтірген жоқпын!

– Пышақты сұғып алғаныңызда «ой, атаңа нәлет десе! Пышақтың ұшын сәл ғана кіргізіп алсаң болар еді ғой!» деп қиналды ма? Жоқ әлде тіл тартпай кетті ме?

Мергенбай ауыр күрсінді. «Осындай кеуекбас тергеушілер органға қалай келе қалады?» деп ойлады ішінен түңіліп.

– Мына айғырды сіз бауыздадыңыз ба?

– Жоқ!

– Данабек екеуіңіз бұл үйге не үшін келдіңіздер? Ұрымен үшеулеп арақ ішуге ме?

– Мен арақ ішпеймін! Ішсем құса берем.

– Мен жасыңызды сыйлап, сізге «сіз» деп сөйлеп отырмын. Сұрақтарға дұрыс жауап беріңіз. Бала кезіңізде не өлтірдіңіз? Шыбын, маса, шымшық?

– Шыбын өлтіретінмін. Қазір де…

– Шыбынды өлтірген соң сізде аяушылық сезім болды ма?

– Жоқ.

– Міне, мойындау деген осы. Жеңгей бар ма?

– Қайтыс болып кеткен.

– Балаларыңыз?

– Бізде бала болмады.

– Сотталған ба едіңіз?

– Жоқ.

– Құдай қаласа сотталасыз.

Бөлімше бастығы қылмыстық істер бөлімі бастығына дауыстады:

– Участке инспекторы Бекмұратов қайда жүр? Хабарластың ба?

– Хабарластым, телефонын көтермейді.

– Үйіне бар! Жылдам!

– Құп болады! – деген майор Қайсар Естемесұлы көлігіне отырып жатты.

Кешір мені!

«Жолы болар жігіттің, жеңгесі шығар алдынан» деген қазақтың керемет бір сөзі бар. Бірақ Ерболдың алдынан жеңгесі емес, әйтеуір бір жолы болмай-ақ қойды ғой, айдаладағы ағасы шықты. Ағасы дегеніміз мынау, үстінде көнетоз костюмі бар, оның бір түймесі үзіліп қалған. Басына мыж-тыж шляпасын киіп алған, аяғында жазды күні болса да, қонышты бәтеңке сұғып алған пенде – Асылбек еді. Ол қала іргесіндегі шағын ауылдың сиырларын бағып күн көреді. Сіңірі шыққан кедей. Сирағы соны айғақтайды. Сиыр бағатынды падашы демейтін бе еді? «Камаз» көлігі айдалаға келіп тоқтағанда ат үстіндегі падашы алыстан бақылап тұрған.

Ербол жүк көлігінің артын ашып, ішіне кіргенде өз көзіне өзі сенбеді! Әуенсіз-ақ, билей жөнелді. «Халәләкули-лай, халә-ләку-ли-лай!» деп дауыстап жіберді. Тіпті, бақыттан басы айналып, құлап қала жаздады. Міне, байлық деп осыны айту керек! Киіктердің мүйіздері қағылып, арнайы қораптарға салынып-ты. Басқа да әртүрлі жүктер төбеге дейін жиналған. Бір үлкендеу қораптың бүйірінен жырта ашып қалғанда өз көзіне сенбей, үңіле қарады. Бұрынғы СССР-дің лидері болған Л.И.Брежневтің басын, басы болғанда, кішігірім бюстін көріп, ұстап көрді. Жалап та көргісі келген. Бетінен шымшып та көргісі келген. Сосын масаттанып: «Тәуелсіздік алдық, біз сізге тәуелді емеспіз, құрметті бас!» деді. Басты тырналап, сосын сипалап, жымиып қойды. Кезінде сүйісу «жарысынан» бірінші орын алған бірінші хатшының бюсті! Желім араласқан гипстен жасалған ба, басқадан ба, аппақ екен. Жоғары көтеріп, төмен түсіріп көрген, әжептеуір салмағы бар. «Лақтырып жіберсем бе, екен? Жо-оқ, Қонаевтың досы болды емес пе, сол үшін кешіре салайын. Кім болса да Брежневті қатты құрметтейді екен» деп ойлады ол ішінен. Екінші бір қораптан СССР-ді құлатып тынған Горбачевтің басы шыға келді. Сопақ етіп… Басындағы қалына дейін айнытпай көрсетіпті. Ұры Горбачевтің басына былш еткізе түкіріп жіберді, «86 жылы, желтоқсаншы жастарды жазалаған сұмырай ғой!» деп ойлады ішінен. Ұйықтап жатқан патриоттық рухы кенеттен оянып кеткендей. Әйтеуір осы кісіні бұрыннан жек көреді. Ол әйеліне дауыстады.

(Жалғасы бар).

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті 2025-2026 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің бос қызмет орындарына

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ:

(Лицензия: №KZ87LAA00015319)

Бакалавриат:

6B01110 - «Педагогика және психология»
6B01210-«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
6B01310 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
6B01420-«Музыкалық білім»
6B01440- «Дене шынықтыру және спорт
6B01508-« Математика»
6B01521- «Математика-Физика»
6B01509-«Информатика»
6B01540-«Химия»
6B01545-«Химия-Биология»
6B01550-«Биология»
6B01560-«География»
6B01610- «Тарих»
6B01710- «Қазақ тілі және әдебиеті»
6B01720-«Орыс тілі және әдебиеті»
6B01730- «Шетел тілі: екі шет тілі»
6B01910-«Дефектология»
6B02110-«Дизайн»
6B04110-«Экономика»
6B04120-«Менеджмент»
6B04130-«Есеп және аудит»
6B04140-«Қаржы»
6B04150-«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
6B04160-«Маркетинг»
6B04210 -«Құқықтану»
6B06126- «Информатика»
6B06138- «Ақпараттық жүйелер»
6B06130-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
6B06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
6B07110-«Электр энергетикасы»
6B07120-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»
6B07310-«Сәулет»
6B07320- «Құрылыс»
6B07323-«Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі»

Магистратура:

7M01101-«Педагогика және психология»
7M01514-«Математика»
7M01520-«Информатика»
7M01540-«Биология»
7M01512-«География»
7M01610-«Тарих»
7M01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті»
7M01720-«Шетел тілі:екі шет тілі»
7M04140-«Есеп және аудит»
7M04209-«Құқықтану»
7M06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
7M07112-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»

Докторантура:

8D01110-«Педагогика және психология»
8D01540-«Химия»
8D01550-«Биология»

Қызметкерлер:

- Университеттің Стратегиялық жоспарлау және дамыту жөніндегі проректоры
– Факультет декандары
– Оқу-әдістемелік басқарманың бастығы, әдіскерлері
– кітапханашы
- СМК маманы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім бастығы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім маманы
- Кафедра меңгерушісі
– маркетинг және кәсіптік бағдар беру бөлімінің бастығы
– Тіркеу бөлімі (офис-регистратура) мамандары
– Әдістемелік кабинет секторының меңгерушісі
– Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі бастығы, әдіскерлері

Қызметкерлерге қойылатын талаптар:

3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.

Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

3 жылдан кем емес тәжірибесі бар
-ғылым кандидаттары, ғылым докторлары
-аға оқытушылар.
-оқытушылар
- PhD

Профессор-оқытушыларға қойылатын талаптар:

3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.

Жалақы келісім бойынша. Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.

Байланыс телефоны: 8 (7252) 95-25-98.
e-mail: otdelkadrov.kipudn@mail.ru

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№10 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (ары қарай – Кәсіпорын) Байқау кеңесі Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№10 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысының бос лауазымына орналасуға

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-58/2020 бекітілген «Денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Байқау кеңесі бос орын Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқарамасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№10 қалалық емхана» МКК-на басшысы қызметіне конкурс жариялайды.

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы«№10 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы – 1 бірлік.

Конкурсты өткізу мерзімін Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№10 қалалық емхана» МКК-ның байқау кеңесі осы хабарландыру жарияланғаннан кейін күнтізбелік он бес күннен соң белгілейді.

Конкурс өткізілетін орын Шымкент қаласы, «Тұран» ауданы, Республика даңғылы, 12а санды ғимараттың мәжіліс (актовый) зал, телефон: 8(7252)49-36-84, электрондық пошталық мекен-жайы: poliklinika.10.10@mail.ru

Орналасқан жері: Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№10 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Шымкент қаласы, Шымкент қаласы, «Қаратау» ауданы, «Қайтпас -1» шағын ауданы, Кахарман көшесі, №48 санды ғимарат:, телефон: 8(7252)49-36-84, индекс: 160023; электрондық пошталық мекен-жайы: poliklinika.10.10@mail.ru

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру. Жоғары білікті, мамандандырылған, стационарлық, алғашқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмек көрсету.

Облыстық маңызы бар, республикалық маңызы **бар денсаулық сақтау ұйымының басшысы (директор немесе бас дәрігер)қызмет орнына үміткерлерді іріктеу кезінде қойылатын негізгі біліктілік талаптар:**

"Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша жоғары білім, "Денсаулық сақтау менеджменті" ("Қоғамдық денсаулық сақтау") мамандығы бойынша біліктілікті арттырудан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік (немесе сертификат);

немесе "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша жоғары білім, "Денсаулық сақтау" немесе "Бизнес, басқару және құқық" даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі;

немесе "Бизнес, басқару және құқық" даярлау бағыты бойынша жоғары білім және "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі;

басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңы;

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдайтын мерзімде мынадай құжаттарды:

1) конкурсқа қатысу жөніндегі өтінім;
2) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
3) білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
4) еңбек кітапшасының (егер бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі, қабылдау және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтан үзінді көшірме не еңбек өтілін растайтын басқа құжат;
5) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ- 175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) 075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама

Көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар) ұсынады.

Конкурсқа өтініш беру мерзімі: он бес күнтізбелік күн.

Құжаттар электронды форматта ұсынылуы керек (алынбалы медиа, флэш карта, электрондық пошта: poliklinika.10.10@mail.ru сондай-ақ құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталар алдында бір сағат бұрын кешіктірмей ұсынылады. Оларды ұсынбаған жағдайда ол адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар мына мекен-жайға тапсырылуы тиіс (электрондық түрде): электрондық пошталық мекен-жайы: poliklinika.10.10@mail.ru Конкурсқа қатысуға тілек білдірген азаматтардан құжат қабылдау хабарландыру мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланған күннен басталып, күнтізбелік он бес күннен кейін аяқталады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-58/2020 бұйрығына сай өткізіледі.

Наблюдательный совет государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника №10» управления здравоохранения города Шымкент

ОБЪЯВЛЯЕТ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА

на вакантную должность руководителя государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Городской поликлиники №10» управления здравоохранения города Шымкент

В соответствии с приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 27 мая 2020 года №ҚРДСМ-58/2020 «Обутверждении Правил проведения конкурса навакантную должность руководителя, единолично осуществляющего функции исполнительного органа или руководителя коллегиального исполнительного органа государственного предприятия на праве хозяйственного ведения с наблюдательным советом в области здравоохранения» Наблюдательный совет объявляет конкурс на занятие вакантной должности руководителя государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника №10» управления здравоохранения города Шымкент - 1 единица.

Дата проведения конкурса определяется наблюдательным советом государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника №10» управления здравоохранения города Шымкент по истечении 15 календарных дней со дня опубликования настоящего объявления.

Место проведения конкурса – Актовый зал Управления здравоохранения города Шымкент, район «Туран», проспект Республики, Здание 12а, **тел:** 8(7252)49-36-84**,** электронный почтовый адрес: poliklinika.10.10@mail.ru

Местонахождения: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника №10» управления здравоохранения города Шымкент, адрес: индекс: 160023 город Шымкент, «Каратауский» район, микрорайон «Кайтпас», улица Кахарман,.№48 телефона **тел:** 8(7252)49-36-84**,**

Краткое описание основной деятельности предприятия: ГКП на ПХВ «Городская поликлиника №10» оказывает: **высококвалифицированной, специализированной, стационарной, первичной медико-санитарной и консультативно-диагностической помощи.**

Основные квалификационные требования при отборе кандидатур надолжность руководителя организации здравоохранения областного значения, городов республиканского значения (директора):

высшее образование по направлению подготовки "Здравоохранение", свидетельство о прохождении повышения квалификации (переподготовке) по специальности "Менеджмент здравоохранения" ("Общественное здравоохранение") и (или) свидетельство (или сертификат) о присвоении квалификации по соответствующей специальности;

либо высшее образование по направлению подготовки "Здравоохранение", послевузовское образование по направлению подготовки "Здравоохранение", или "Бизнес и право" или степень EMBA или full-time (Фултайм);

либо высшее образование по направлению подготовки "Бизнес, управление и право" и послевузовское образование по направлению подготовки "Здравоохранение" или степень EMBA или full-time (Фултайм);

стаж работы на руководящих должностях не менее 3 лет.

Должностные обязанности:

Руководит производственной, финансово-хозяйственной деятельностью организации здравоохранения, несет ответственность за принимаемые управленческие решения, сохранность и эффективное использование имущества организации, а также за результаты финансово-хозяйственной деятельности.

Определяет политику, стратегию деятельности организации и механизм ее реализации. Обеспечивает внедрение новых и совершенствование существующих организационных форм и методов работы персонала, направленного на дальнейшее повышение эффективности и качества оказываемой диагностической, лечебной и профилактической помощи, повышение качества и конкурентоспособности оказываемых услуг.

Обеспечивает эффективное взаимодействие структурных подразделений организации, направляет их действия на развитие и совершенствование оказываемых медицинских услуг.

Несет персональную ответственность за соблюдение антикоррупционного законодательства, и принятию мер по недопущению проявлений коррупции со своей стороны и подчиненных ему лиц.

Принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами, рациональному использованию их профессиональных знаний и опыта, созданию безопасных для жизни и здоровья условий труда, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе. На основе анализа деятельности организации и оценки показателей его работы принимает необходимые меры по улучшению форм и методов работы организации. Обеспечивает на основе принципов социального партнерства разработку, заключение и выполнение коллективного договора, соблюдение трудовой дисциплины, способствует развитию трудовой мотивации, инициативы и активности работников.

Обеспечивает соблюдение требований медицинской этики, законности в деятельности организации, в том числе в вопросах финансово-хозяйственного управления, укрепления договорной и финансовой дисциплины, регулирования социально-трудовых отношений.

Осуществляет прием и увольнение работников. Заключает договора, совершает сделки с физическими и юридическими лицами. Издает по вопросам своей компетенции распоряжения и приказы, обязательные для всех работников.

Представляет организацию в государственных органах, организациях и суде. Обеспечивает выполнение медицинской этики, требований внутреннего трудового распорядка, технической эксплуатации приборов, оборудования и механизмов, соблюдение противопожарной безопасности, безопасности и охраны труда, санитарно-эпидемиологического режима. Обеспечивает своевременную отчетность организации.

Должен знать:

Конституцию Республики Казахстан, Гражданский кодекс Республики Казахстан, Трудовой кодекс Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан "О здоровье народа и системе здравоохранения", Кодекс Республики Казахстан "Об административных правонарушениях", Закон Республики Казахстан "О государственных закупках", Закон Республики Казахстан "О противодействии коррупции", Закон Республики Казахстан "О языках в Республике Казахстан", приказ Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан от 21 февраля 2022 года № 55 "Об утверждении Правил пожарной безопасности" (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 26867);

стратегические и организационные аспекты современной управленческой деятельности;

основы планово-экономической и финансовой деятельности организаций здравоохранения;

экономические методы управления и анализ деятельности организации;

конъюнктуру рынка медицинских услуг;

лучшие практики в управлении человеческими ресурсами в здравоохранении;

статистику, критерии и показатели, характеризующие состояние здоровья населения;

современные научные достижения отечественной медицины, лучший международный опыт в управлении здравоохранением;

правила и нормы по безопасности и охране труда, производственной санитарии и противопожарной безопасности;

организацию деятельности в условиях чрезвычайных ситуаций.

Лицо, изъявившее желание участвовать в конкурсе, представляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы:

1) заявление об участии в конкурсе;
2) автобиографию, изложенную в произвольной форме;
3) копии документов об образовании;
4) копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора либо другой документ, подтверждающий стаж работы;
5) справку о состоянии здоровья по форме 075/у, утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ- 175/2020 "Об утверждении форм первичной медицинской документации организаций здравоохранения" (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 21579);
6) справку Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления.

Отсутствие одного из указанных документов является основанием для возврата документов участнику конкурса.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию относительно его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикации, а также рекомендации с предыдущего места работы).

Начало приема документов у лиц, изъявивших желание принять участие в конкурсе, в течение 15 календарных дней со дня опубликования настоящего объявления.

Окончание приема документов по истечении 15 календарных дней со дня опубликования объявления.

Документы должны быть предоставлены в электронном формате (электронная почта: poliklinika.10.10@mail.ru, до даты окончания приема документов), а также оригиналы документов представляются не позднее чем за один час до начала собеседования.

Конкурс будет проходить согласно приказов Министра здравоохранения Республики Казахстан от 27 мая 2020 года № ҚР ДСМ-58/2020, от 21 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-305/2020

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали Сәрсенбай *(Алматы)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).*
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 2902.

adilet-gazeti.kz



Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, республикалық «Әділет» газетінің бас редакторы, ҚР Бас редакторлар клубының бірінші вице-президенті

ЖҮРЕГІНДЕ ІЗГІЛІК НҰРЫ ТҰНҒАН

ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым хақында лебізнама





ТҰЛЫМШАҒЫ ЖЕЛБІРЕГЕН ҚЫЗ шағынан бітімі бөлек сүйкімді балдырған болды. Бір орнында тұра қоймайтын. Павлодар облысы, Ақсу ауданындағы «қос батырдың ауылы» атанып кеткен шағын ауылда дүние есігін ашты. «Екі батыр» – Кеңес Одағының батыры Қанаш Қамзин және Социалистік Еңбек Ері Мәжен Қабылбеков. Екеуі бір мектепте оқып, бір партада отырған екен. Қанаш соғысқа аттанғанда, Мәжен Қабылбеков елде ұстаздыққа қалған екен. Біреуі соғыс майданында болса, екіншісі ерен еңбек майданында қызмет жасаған. Мәжен ағасы мектепте сабақ берген ұстазы, кейін дипломмен ауылға келгенде білікті бастығы болған ақылгөй азамат һәм текті тәлімгер жан еді.

Айман көп қазақ балалары секілді ата, әже тәрбиесін көріп өсті. Сәбеттің балабақшасына барған жоқ. Нағашы атасы әріп-қариптті танытып, ол 3 жасында әріп пен сағатты танып, тақылдап тұрды. 4 жасында атасы марқұм сыртқы мұқабасы күрең қызыл **Абай Құнанбаев** деген жазуы бар кітапты мәнерлетіп оқытты. Көп жерін түсінбесе де, «Өгіз бен бақа» деген мысал аудармасы мәңгі есінде қалып қойыпты. Болашақ педагогтың сөз өнеріне деген махаббаты осы Жүкен нағашы атасының зерделі тәрбиесінен бастау алды.

Ата-анасы үш түрлі ұстаныммен тәрбие берді. Біріншіден – адал еңбек ету, екіншіден – біреудің ала жібін аттамау, үшіншіден – қарапайым болу. Әкесі Файзолла бар ғұмырын ауыл шаруашылығын дамытуда ерен еңбек етіп, есімі тракторына жазылып тұрған АТАУЛЫ МЕХАНИЗАТОР болса, анасы Жаңыл елге қызмет жасаған қарапайым еңбек адамы болды. Бес баланың тұңғышы болған Айманның өзі қазір ана, әже. Қызы – Ташекова Айгерім Тарбиновна PhD, Торайғыров университетінің қауымдастырылған профессоры. Күйеу баласы Ташеков Шынболат Абайұлы – мемлекеттік қызметкер. Мұхамедияр есімді жиені бар.

Оның туған ауылы көп ұлтты-тын. Өзі отбасы мен мектепте қазақша білім алып, ұлттық тәрбие, салт-дәстүрді үйренуден кенде болмады. Мектептегі алғашқы қадамы да қызық болыпты. Бірінші оны орыс сыныбына беріпті. Бір ауыз орысша білмеймін оны кейін 10 қыркүйекте қазақ сыныбына ауыстырыпты. Алғашқы ұстаздары – Шүленбаева Тұрсын Оспанқызы мен Аубакирова Айтжамал Төлеубайқызы ұғымтал қыздың келешегін бірден болжап, келешегінен үлкен үміт күтетінін айтып отырыпты. Әр мұғалімі өз сабағын өте сапалы, қызықты өткізіпті. Айманның қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығын таңдауына да осы ұстаздарының берген білімі мен тағылымы ерекше әсер етіпті. Бұл ретте ерекше айтатын ұстазым – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Рыспаева Рымтай Омарқызы болған екен. Оның сабақ беруі де ерекше болған екен. Ол кісі оқушылардың бар-жоғын сұрамайтын көрінеді. Көркем шығарманың мазмұнын түсіндіру үшін өзі бір кейіпкер болып, сыныпқа кіріп келіп, сол рольде ойнай кетеді екен әрі қарай біздің есімдерімізді атап, жалғастыруымызды өтінетін, сөйтіп, көркем шығарма мазмұнын игеруге, оқуға қызығушылықты оятқан. Павлодар облысында өткен пәндік олимпиадаға осы ұстазым оны дайындап, нәтижесінде облыстық және республикалық пән олимпиадасында 1-орын алыпты. Бұл Рымтай ұстазының әдебиетке қызығушылығын оятуы арқасында кейін институттың филология факультетіне түскенде 1-курс материалын толық біліп отырған.

Ең алғаш оқыған кітабы – «Жыл он екі ай», сосын С.Дөнентаевтың «Көркемтай» атты әңгімесі. Осы шығарманы оқып шыққаннан кейін 1 күн жылаған екен. Сезімталдық пен нәзік жүрек иесі болудың бұл бір көрінісі ғой. Мектепте өте белсенді оқушы, класта комсорг болыпты. Арада 40 жыл өтсе де осы күнге дейін кластастарымен емен-жарқын кездесулерін ұйымдастырып жүреді.

Жоғары білімді Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында алды. Алты алашқа әйгілі ғалым аға-апайларының дәрістерін тыңдады. Ол үшін ерекше есте қалғаны – студенттерге әкелік махаббатын танытқан, ғылым жолына бағыттаған кафедра меңгерушісі, кейіннен факультет деканы, ф.ғ.д., профессор С.М.Исаев, ғылым шыңына шыққан Қ.Құттыбаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Ә.Мәметова, Х.Қожахметова болған екен. М.Қ.Жұбанова, Н.Е.Бекмаханова, Ү.І.Жансүгірова сияқты ірі ғалымдардан білім алған. Ал факультет деканы С.М.Исаев белгілі ақын, жазушыларды шақырып, керемет кездесулер ұйымдастырыпты. Солардың өнегелі әңгімелерін тыңдау бақыты бұйырған. Бұл қатарда Ш.Айтматов, Ә.Нұршайықов, Ф.Оңғарсынова, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, М.Шаханов,. Ғ.Қайырбеков болыпты. Фольклорист ғалым Р.Бердібаевтың «Тіл өнері» университеті мен Б.Мекішев ұйымдастыратын «Жеті музаны» асыға күтіп, қаншама кездесулерден ләззат алып, жүрек тебірентерлік ұлағатты ойларға тәнті болатын.

1993-1997 жылдары ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының күндізгі аспирантурасында оқып, ғылым жолына түсті. Алаш әдебиетінің ақтаңдақ беттерін зерделеуге, Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығын жан-жақты зерттеуге жаңа бағыт басталды. Ғылыми жетекшісі, ғылымдағы рухани әкесі, әйгілі академик Серік Қирабаев болды.

Ғылымның сан-салалы қырын түсіндіруде, қолдау көрсетуде, бағыт – бағдар беруде, пікір білдіруде Ш.Сәтбаева, З.Ахметов, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, С.Қасқабасов, Ш.Ибраев, А.Сейдімбек, Ө.Күмісбаев, Ш.Елеукенов, Б.Ибраимов, Т.Шапай, С.Қорабаев, А.Исмакова, Б.Омаров тағы басқа аға-апаларының есімдерін ерекше атап отырады.

* * *

СТУДЕНТТІК ШАҒЫНАН хабарымыз бар. КазГУ-де әдебиет ақтаңгерлерімен, белгілі тұлғалармен кездесу бола қалса Айман сол жерден табылатын. Бірде Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдиновпен кездесу ұйымдастырдық. Халық батырын біздің филология факультетінің белсендісі, оқу озаты Ләззат Әділбекова екеуіміз ЖенПИ-дің жанында орналасқан үйінен машинамен алып келдік. Биофактың үлкен акт залы студенттерге лық толы. Байқаймын, өз университізден бөлек басқа институттардың студенттері де батыр аталарын көруге келген екен. Үшінші қатардың өте беріс шетіне орналасқан қыздардың қонақ екендерін түсіне қойдым.

– Сәлеметсіздер ме! Қайдансыздар?

– ЖенПИ, филфак.

– Пәшти коллега екенбіз ғой.

– Сіз ше? – үш қыздың ортасындағы қолаң шашты әдемі қыз көзге тіке қарап, кенеттен сұрақ қойды. Жәудір жанарының сиқырлы нұры электр тоғындай әсер етті. Өзін еркін ұстайды екен. Сәл сасқалақтай қарап, «мәңгіргендей» өз қылығыма ыңғайсызданған мен:

– А-а-а, журфакпыз, ұйымдастырушылармыз ғой, – деп жеңіл «ақталып» жымиған болдым.

– Белсенді болсаңыз бізге мұндағы қызық кездесулер туралы айтсаңыз – келіп тұрамыз. Бүгін курстас қыздардан кездейсоқ естіп қалып, келіп жатырмыз, – деді күлімсірей қарап.

– Әлбетте! – деп «жеңіл құтылған» болдым. Бірақ алғыр мінезді ажарлы ару оп-оңай «құтқармады»...

Кеш аяқталған соң Айманмен, құрбыларымен жақынырақ таныстық. Оқымаған кітабы жоқ. Ақындардың жырларын жатқа соғады. Сол кезде де статусы ерекше КазГУ-дың «журфагының жігіттеріміз ғой» деп «қоқиып» жүрген біздің өзімізді кей шығармаларды талқылағанда «тықсыра» жаздайтынын байқап, кейін әңгіме ауанын «көңілді контентке» бұрып «құтылатын» болдық. Ақыры білімі дария аруларды жігіттермен бірге ЖенПИ-ге дейін шығарып салып, келесі күні болатын жатақханамыздағы дискотекаға, сосын сенбі күні әкемтеатрда болатын спектакльге баратын болып тарқастық-ау...

* * *

ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ БАСТАЛҒАННАН үлкен өмірдегі қарышты қадамдары өнегеге толы өз өрнектерін салып жатты.

1983-1987 жылдары Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтында оқып, филология факультетін үздік дипломмен бітіріп, сол жылы Павлодар облысы, Ақсу ауданы, Қанаш Қамзин атындағы орта мектепке «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі болып қызметке орналасты. Аталмыш мектепте оқу ісінің меңгерушісі, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша әдістемелік бірлестіктің жетекшісі болды.

1989-1993 жылдары Павлодар педагогикалық институтында алғаш құрылған «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы болып қызмет етіп, осы кезеңде аталмыш институттың филология факультеті деканының орынбасары болды.

1994-1997 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының күндізгі аспирантурасына түсіп, 1998 жылы 10.01.02 – қазіргі қазақ әдебиеті мамандығы бойынша «Ж.Аймауытовтың қазақ романын қалыптастырудағы ролі» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын табысты қорғады.

1998 жылдан 2002 жылға дейін С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы кафедрасында аға оқытушы, кейін доцент қызметін атқарды. Сонымен қатар университетінің «Білік» газетінің бас редакторы болды.



2002 жылдан бастап ұстаздық қызметін одан әрі жалғастырып, практикалық қазақ және орыс тілдері кафедрасының меңгерушісі болып қызмет жасады. Ал 2003-2005 жылдары аралығында аталмыш университетте жаңадан ашылған «Журналистика және кітапханатану» кафедрасының меңгерушісі болды.

2005 жылдың ақпанынан 2017 жылға дейін қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып қызмет жасап, 2017 жылдан – 2020 жылға дейін «Қазақ тілі және журналистика» кафедрасының меңгерушісі, 2020 жылдан осы күнге дейін «Үштұғырлы тіл» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарып жатыр.

БЕЛСЕНДІ ӨМІР ПОЗИЦИЯСЫ айқындалған жан тыныш отыра ма, бұдан басқа облыстық «Ана тілі» орталығы мен «Тіл және әдебиет» университетінің тұрақты лекторы, облыстық мектеп және колледждерінің ғылыми кеңесшісі сияқты жауапты жұмыстарды қоса атқарып жүр. Ол аз десеңіз 2009 жылдан бастап Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің жанында ашылған «Қазақ тілі мен мәдениеті» атты орталықтың курс жетекшісі.

Айман Файзоллақызы барлық мамандықтар бойынша оқитын күндізгі және сыртқы бөлімдердегі студенттерге «Қазақ тілі», «Кәсіби қазақ тілі», «Мемлекеттік тілде іс жүргізу» және барлық мамандықтар бойынша оқитын магистранттарға «Іскери қазақ тілі» пәндерінен дәріс және тәжірибешілік сабақтар жүргізеді. Мәскеу, Омбы, Кемеров, Италия, Франция, Түркия оқу орындарындағы шет ел қазақтарының алдында қазақ тілі мен әдебиеті мәселесі бойынша дәрістер оқиды.

Облыстық гимназия, лицей оқушылар үшін қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқыту мақсатында «Сөз табиғаты», «Қазақ тілі мен әдебиетін жаңа форматта оқыту технологиясы», «Қашықтықтан қазақ тілін деңгейлі оқыту әдістемесі атты курсы бойынша факультативтік сабақтың жұмыс бағдарламасы жасалып, оқу жоспарына енгізілді. Курс нәтижесі бойынша ғылыми жоба жазылып, облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларда шәкірттері жүлделі орындарды иемденіп жүр.

Айман Файзоллақызының ғылыми-әдістемелік жұмысы негізінен қазақ тілі мен әдебиеті, аударма теориясы, мемлекеттік тілді оқыту теориясы мен әдістемесі, журналистика тарихы бойынша зерттелініп, 300-ден аса ғылыми мақалалар мен 10 оқулық, 2 электронды оқулық, 3 әдістемелік нұсқау, 5 оқу құралы, 3 монография, 4 сөздіктің авторы.

Ал, ЕҢ БАСТЫСЫ Астана мен Алматының мыңдаған ғылым докторлары, академиктері, аузына құс тістеген профессорлары қол жеткізе алмай жүрген атақты Scopus/ Web of Science халықаралық ғылыми журналдарында аймақта жүріп-ақ 5 ғылыми мақаласын жариялаған. Индекс Хиршасы – 3. «ТАЛАНТ ҚАЙ ЖЕРДЕ ЖҮРСЕ ДЕ ТАЛАНТ» деген тіркестің ақиқаттығына осы арада тағы да көз жеткізесіз.

Қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі бойынша жазылған «Қазақ тілін деңгейлі тұрғыда меңгерту мәселесі бойынша жарық көрген бірнеше қазақ тілі оқулықтарының авторы. Осы ретте Қазақстан Республикасы «КАЗТЕСТ» орталығының тұрақты сараптамашысы.

Филология ғылымдарының кандидаты, ЖАК доценті, С.Торайғыров атындағы ПМУ профессоры, ҚР ПҒА-ның корреспондент мүшесі, ҚР ХАА академигі, Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері, С.Торайғыров атындағы Алтын медаль иегері, «ЖОО үздік оқытушысы – 2012» атағының иегері. ҚР Ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі, Ғылыми әлеуеті жоғары, елімізге танымал, ерекше жетістігі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Н.Базанова атындағы медалінің иегері.

Айман Зейнулина өз жұмысына ынталы, ұжым мүшелерімен тез тіл табыса алуымен қатар, кафедрада оқыту мен ғылыми жұмыстың жан-жақты дамуына айрықша үлес қосып, игі істердің жоғарғы нәтижеге жетуіне ұйтқы болған басшы ретінде танимыз. Кафедра оқытушыларының ғылыми әлеуетінің өсуіне аса көңіл бөліп, олардың зерттеу тақырыптары бойынша ақыл-кеңес бере білетін, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшы екенін дәлелдеді.

ТӘЖІРИБЕЛІ ДЕ БІЛІКТІ ҰСТАЗ ретінде студенттер мен магистранттар және әріптестерінің арасында сыйлы, беделді. Студенттер мен магистранттарға үнемі ұлттық бағытта тәрбие ретінде телерадио хабарлары, байқаулар, дөңгелек стол, сұхбат алаңын, кештер өткізеді. Университеттің «Қыз Жібек» клубының

жетекшісі. Қазақ, татар, орыс тілдерін жетік меңгерген. Облыстық және университетішілік қоғамдық, мәдени-рухани жұмыстарға белсенді түрде араласып, өзінің азаматтық көзқарасын сауатты білдіре алатын қоғам белсендісі ретінде таниды. Туған жерімен де қызу байланыста жүреді, қолдан келген қамқорлығын жасайды. Соның нәтижесінде «Ақсу қаласының құрметті азаматы» атағына ие болып, Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденінің иегері атанды. Бұл өлшеусіз төгілген тер мен атқарылған қыруар еңбектің жемісі.

Бір салада осыншама биікке көтеріліп, зор құрметке бөлену екінің бірінің маңдайына жазыла бермесі анық. Мұның бәрі ата-ана, ата-әженің тәлім-тәрбиесі мен ұлағатты ұстаздары еккен дәнді жапырағы жайқалған бәйтерекке айналдырудың нақты көрінісі бұл. Үлгілі отбасыда тәрбиеленіп, қазақтың салт-дәстүрлеріне қаныққан өреннің тәлімді тұлғаға айналмауы мүмкін емес. Жастайынан кітаптан бас алмаған арманшыл қыздың осындай деңгейге көтерілуі заңды да. Басқаша болуы мүмкін де емес.

Адамның қамшының сабындай қысқа ғұмырды қалай өткізіп, қандай дәрежеге жеткенін замандастарының пікірлерінен айқын аңғаруға болады. Сол асыл жандардың бірнешеуінің ой-пікірлеріне үңілейік.

Мейрам БЕГЕНТАЕВ, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің ректоры:

– Құрметті әріптесіміз Айман Файзулловна – отандық филология ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан, ұлт тілінің тағдырына бейжай қарамайтын нағыз зиялы тұлға. Айман Файзулловна оқу ордамыздың ғылыми әлеуетін арттыруға, жас мамандарды тәрбиелеуге сіңірген еңбегі ерекше құрметке лайық. Ұстанымы берік, сөзі салмақты, ісі нәтижелі ғалым ретінде ұжымға әрдайым үлгі-өнеге.

Бекен САҒЫНДЫҚҰЛЫ, ф.ғ.д., «Марғұлан университеті» профессоры:

– Ұлтжанды, өз ісінің білгірі, нағыз қазақ қызы Зейнулина Айман Файзоллақызының білім мен ғылым кеңістігінде ойып алар орны ерекше. Онымен бір ұжымда қызмет ету – үлкен мәртебе. Терең білім, кәсіби адалдық, ғылыми ізденіске деген жауапкершілік сіздің болмысынан айқын көрінеді. Тіл, әдебиет,мәдениет, руханият мәселесіндегі батыл көзқарасы бен табандылығы бізге әрдайым күш-жігер береді. Ғылым мен қоғамды қатар алып жүрген сирек тұлғалардың бірі.

Жарқын СҮЛЕЙМЕНОВА, п.ғ.д., профессор. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Алматы:

– Айман Файзоллақызы Зейнулина студент кезденақ тілге деген ерекше махаббаты, ізденімпаздығымен дараланды. Сол асыл қасиеттері өмір бойы оның серігіне айналды. Бүгінде биік ғылыми белестерді бағындырса да, адами қарапайымдылығы бен достыққа адалдығы сол қалпында сақталған. Айманды білім мен ғылым жолында үлкен іздемпаздықпен, жаңашылдықпен, шығармашылықпен, жауапкершілікпен жұмыс жасайтын құрбымыз ретінде мақтан тұтамыз!

Медет ТАУАСҚАН, Павлодар облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысы:

– Айман Файзоллақызы – тіл тағдырына жанашырлықпен қарап, қоғамда өз пікірін ашық айта алатын қоғам қайраткері. Ұлттық мүдде жолындағы еңбегі, ғылыми ойды қоғам қажетіне жарата білуі – үлкен жауапкершіліктің көрінісі. Елдік мәселелерде үн қосып, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беріп келе жатқан еңбегі жоғары бағалауға лайық. Айман Файзоллақызы Ертіс – Баян өңірінде қазақ бала бақшалары мен қазақ мектептерінің ашылуына, ономастикалық мәселелерді шешуде, қоғамдық мәселелердің өткір жайларын қарастыруда өз пікірін ашық айтып оның оң шешілуіне тікелей қатысып жүретін қоғам белсендісі, ел құрметтісі.

Айгүл СУЛТАНОВА, ҚР Халық банкі қызметкері, сыныптас құрбысы:

– Айман мектеп қабырғасынан бастап-ақ алғырлығымен, сөзге шешендігімен көзге түскен еді. Бүгінде сол бала арман үлкен ғылымға, елге қызмет етуге ұласқанына қуанып-тымыз. Өз ортамыздан шығып, ел мақтанышына айналғаны – біз үшін үлкен мәртебе әрі үлгі.

ЗАМАНДАСТАР ЛЕБІЗІ ОСЫНДАЙ. Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым, асыл ана, аққылдаған әже Айман Файзуллақызының бақыты баянды бола бергей!